



Халықаралық Олимпиада комитеті

XXXII Олимпиада Ойындарында қолданылатын

Допингке қарсы ережелер

Токио 2020

(2019 жылдың маусым айы бойынша)

Халықаралық олимпиада комитеті
Château de Vidy
С.Р. 356
1007 Лозанна
Телефон: + 41 21 621 61 11
Факс: + 41 21 621 62 16

Мазмұны

КІРІСПЕ	3
1-БАП. 1. ДОПИНГТІ АНЫҚТАУ	4
2-БАП. 2. ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ ЕРЕЖЕЛЕРДІҢ БҰЗЫЛУЫ	4
3-БАП. ДОПИНГТІ ДӘЛЕЛДЕУ	8
4-БАП. ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ТІЗІМ.....	9
5-БАП. <i>ТЕСТЛЕУ ЖӘНЕ ТЕКСЕРУ</i>	11
6-БАП. <i>СЫНАМАЛАР ТАЛДАУЫ</i>	15
7-БАП. НӘТИЖЕЛЕРДІ ӨНДЕУ	16
8-БАП. ТЫҢДАЛУ ҚҰҚЫҒЫ	22
9-БАП. ЖЕКЕ НӘТИЖЕЛЕРДІҢ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ЖОЙЫЛУЫ	23
11-БАП. КОМАНДАЛАР ҮШІН САЛДАРЛАР	24
12-БАП. АПЕЛЛЯЦИЛАР	25
13-БАП. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУ	27
14-БАП. БОЛЖАЛДЫ ХАБАРЛАМА	30
15-БАП. ДОПИНГ ЖӘНЕ ЖЫЛҚЫЛАРҒА АРНАЛҒАН МЕДИЦИНАЛЫҚ БАҚЫЛАУ -ЖЫЛҚЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ ЖӘНЕ БАҚЫЛАНАТЫН ДӘРІЛЕР ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕР	31
16-БАП. ШЕШІМДЕРДІ ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ МОЙЫНДАУ	31
17-БАП. ЕСКІРУ МЕРЗІМІ	31
18-БАП. ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ ЕРЕЖЕЛЕРДІ ТҮЗЕТУ ЖӘНЕ ТҮСІНДІРУ	32
1- ҚОСЫМША. АНЫҚТАМАЛАР	33

КІРІСПЕ

Алғы сөз

Халықаралық Олимпиада комитеті (ХОК) бұл олимпиадалық қозғалыстың, атап айтқанда, Олимпиада ойындарының жоғарғы органы болып табылады. Олимпиадалық қозғалысқа қандай да бір қатысы бар кез-келген *Тұлға* Олимпиадалық хартия ережелеріне бағынышты және *ХОК* шешімдерін орындауға міндетті.

Олимпиадалық хартияда *ХОК*-тің спорттағы допингпен күресуге қаншалықты көңіл аударатыны және өзі қабылдаған Дүниежүзілік допингке қарсы кодекске (*Кодекс*) қолдау көрсету маңыздылығы айтылады.

ХОК, *Кодекске қол қоюшы* ретінде, спорттық қағидаларды басшылыққа ала отырып, Олимпиадалық қозғалыста допингке қарсы күресте өз үлесін қосады деген үмітпен *Кодекске* сәйкес осы *Допингке қарсы ережелерді* (Ережелер) белгілеп, қабылдады. Ережелер *ХОК*-тің басқа құжаттарымен және ДДҚА құжаттарымен, соның ішінде *Халықаралық стандарттармен* толықтырылады.

Осы Ережелердің қолданылу аясы

Осы *Ережелер* Токио 2020 Олимпиадалық Ойындарында қолданылады. Олар *ХОК*-тің Токио 2020 Олимпиадалық Ойындарында *ХОК* өкілеттілігі саласындағы барлық *Допинг-бақылау* процедураларында шектеусіз қолданылуы тиіс.

Осы *Ережелер* еш шектеусіз (а) *ХОК*-ке; (b) Токио 2020 Олимпиада Ойындарына қатысатын барлық *Спортшыларға* (төменде қараңыз); (c) осындай *Спортшыларға* қолдау көрсететін барлық *Спортшыларға*, немесе Токио 2020 Олимпиада Ойындарына байланысты *ХОК*-ке басқадай бағынышты *Спортшыларға* (төменде қараңыз); (c) осындай *Спортшыларға* қолдау көрсететін барлық *Спортшылар қызметкерлеріне*; (d) Токио 2020 Олимпиадасына қатысатын немесе оған аккредиттелген басқа *Тұлғаларға*, соның ішінде *Халықаралық федерациялар* мен *ҰОК*-ті қоса алғанда; және (d) Токио 2020 Олимпиадасына байланысты *ХОК* басшылығымен жұмыс жасайтын кез-келген *Тұлғаға* (оның ішінде уақытша) қатысты қолданылады.

Токио 2020 Олимпиадасына қатысатын *Спортшылар*, немесе Токио 2020 Олимпиада Ойындарына байланысты *ХОК*-ке басқадай бағынышты *Спортшылар* осы ережелерді сақтауға міндетті, олардың сақталуы Токио 2020 Олимпиада Ойындарына қатысу құқығын беру шарты болып табылады. Спортшылар өздерінің *ҰОК*-і оларды Токио 2020 Олимпиада Ойындарына әлеуетті қатысушы ретінде Токио 2020 Олимпиада Ойындары кезеңіне дейін ұсынғаннан кейін *ХОК*-ке шектеусіз бағынулары тиіс, сондай-ақ, атап айтқанда, *ҰОК* делегаттарының соңғы тізіміне енгізілгеннен кейін Токио-2020 Олимпиада Ойындарына қатысушы ретінде тіркелген болып саналады.

Осындай *Спортшыларға* және Токио-2020 Олимпиадасына қатысатына немесе аккредитацияланған *Тұлғаларға* көмек көрсететін *Спортшылар Қызметкерлері* осы Ережелерді сақтауға міндетті, өйткені бұл олардың қатысуы немесе аккредитациясы үшін қажетті шарт болып табылады.

ХОК қарамағында жұмыс істейтін (уақытша жұмыс істейтіндер қоса) *Тұлғалар* осы *Ережелерді* сақтауға міндетті, олардың сақталуы *Токио 2020 Олимпиадасына* қатысу немесе осы *Ойындардағы* қызметін іске-асыруының шарты болып табылады.

Халықаралық тестілеу агенттігіне міндеттерді тапсыру

ХОК Кодекске қол қоюшы болып табылады, және осы *Ережелерді* *ХОК Кодекстің* міндетті ережелеріне сәйкес қабылдайды.

Кодекске және осы *Ережелерге* сәйкес *ХОК Токио-2020 Олимпиада Ойындарына* байланысты допинг-бақылауды толық немесе ішінара орындауға байланысты міндеттердің бір бөлігін Халықаралық тестілеу агенттігіне (ИТА) тапсыруға келісті, төменде көрсетілгендей, тесті белгілеуді жоспарлауды, ТҚР және нәтижелерді өңдеуді қоса және т.б. ИТА, өз кезегінде, допинг-бақылауды қажет болған жағдайда және белгіленген процедураларға сәйкес тапсыра алады (мысалы, Токио 2020 немесе Сынама жинау агенттіктеріне). Осы *Ережелердегі* ерекше жағдайларда *ХОК*-тің ірі іс-шараны ұйымдастырушы ретіндегі мәртебесіне байланысты және, тиісті жағдайларда, жоғарыда аталған тапсыру тұрғысынан, *ИТА*-ға жасалған сілтемелер болып табылады.

Міндеттерді жоғарыдағыдай тапсырғанына қарамастан, және қол қоюшылар тарапынан *Кодексті* сақтаудың *Халықаралық стандартына* сәйкес, *ХОК*, қол қойған тұлға ретінде, *Токио-2020 Олимпиада Ойындарында* өткізілген допинг-бақылаудың барлық аспектілері үшін *Кодекстің* сақталуына жауапты болып табылады.

Сонымен қатар, күмән болдырмау үшін, *ИТА* өз атынан әрекет ете алатын болса да, *ХОК* допингке қарсы ереже бұзылғанын мәлімдейтін және нәтижелерді өңдеу процесінде қабылданған кез-келген іс-әрекетке, апелляцияларға жауап беретін тарап ретінде, осы *Ережелерге* сәйкес кез-келген басқа мәселелерді шешетін тарап ретінде қарастырылады.

1-БАП. 1. ДОПИНГТІ АНЫҚТАУ

Допинг осы *Ережелердің* 2.1-2.10-Баптарында көрсетілген бір немесе бірнеше допингке қарсы ереже бұзушылықтың жасалуы ретінде анықталады.

2-БАП. 2. ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ ЕРЕЖЕЛЕРДІҢ БҰЗЫЛУЫ

2-Баптың мақсаты - допингке қарсы ережелерді бұзу болу табылатын жағдайлар мен мінез-құлықты көрсету.

Спортшылар мен басқа Тұлғалар допингке қарсы ережені бұзудың не екенінен, сондай-ақ *Тыйым салынған тізімге* енгізілген субстанциялар мен әдістердің не екенінен хабардар болуға (және хабардар деп саналады) жауапты.

Төменде допингке қарсы ережелерді бұзушылықтар келтіріледі:

2.1 Спортшының Сынамасында Тыйым салынған субстанцияның, оның Метаболиттерінің немесе Маркерлерінің болуы

2.1.1 Әр Спортшының жеке міндеті *Тыйым салынған субстанцияның* өз ағзасына түсуіне жол бермеу болып табылады. Спортшылар өз *Сынамаларынан* табылған кез-келген *Тыйым салынған субстанция*, оның *Метаболиттері* немесе олардың *Маркерлері* үшін жауап береді. Тиісінше, 2.1-бапқа сәйкес допингке қарсы ережелердің бұзылуын анықтау үшін *Спортшы* тарапынан оның ниетін, Кінәсін, абайсыздығын немесе біле тұра Қолданғанын дәлелдеудің қажеті жоқ.

2.1.2 2.1-Бапқа сәйкес допингке қарсы ережені бұзудың жеткілікті дәлелі: *Спортшының А Сынамасында Тыйым салынған субстанцияның*, оның *Метаболиттері* немесе олардың *Маркерлерінің болуы*, егер ол В Сынамасының талдауынан бас тартса және В Сынамасы талданбаған болса; немесе, егер Спортшының В Сынамасы талданып, және оның В сынамасының талдауы оның А сынамасында табылған *Тыйым салынған субстанцияның*, оның *Метаболиттерінің* немесе *Маркерлерінің* бар екенін растаса; немесе, егер Спортшының В Сынамасы екі пробиркаға бөлінсе, және екінші пробиркаға жасалған талдау бірінші пробиркада *Тыйым салынған субстанцияның*, оның *Метаболиттерінің* немесе *Маркерлерінің* бар екенін растаса;

2.1.3 Тыйым салынған тізімде белгілі бір мөлшерде шегі белгіленген заттардан басқа, *Спортшының Сынамасында Тыйым салынған субстанцияның*, оның *Метаболиттерінің* немесе *Маркерлерінің* кез-келген мөлшерінің болуы допингке қарсы ережелерді бұзу болып саналады.

2.1.4 2.1-баптың жалпы ережесіндегі ерекше жағдай ретінде *Тыйым салынған тізімде* немесе *Халықаралық стандарттарда* эндогендік жолмен де өндірілуі мүмкін *Тыйым салынған субстанцияларды* бағалау үшін арнайы критерийлердің белгіленуі мүмкін.

2.2 Спортшының Тыйым салынған субстанцияны немесе Тыйым салынған әдісті Қолдануы немесе Қолдануға Әрекеті.

2.2.1 Әр Спортшының міндеті - *Тыйым салынған субстанциялардың* өз ағзасына түспеуін және *Тыйым салынған әдістердің* қолданылмауын қамтамасыз ету. Тиісінше, допингке қарсы ережелердің бұзылуын анықтау үшін Спортшы тарапынан оның ниетін, Кінәсін, абайсыздығын немесе біле тұра Қолданғанын дәлелдеудің қажеті жоқ.

2.2.2 *Тыйым салынған субстанцияны* немесе *Тыйым салынған әдісті Қолдану* немесе *Қолдануға жасаған Әрекет* сәттілікке әкелді ме, жоқ па, маңызды емес. Допингке қарсы ережелердің бұзылуы үшін *Тыйым салынған субстанцияны* немесе *Тыйым салынған әдісті Қолдану* немесе *Қолдануға жасаған Әрекет* фактісі жеткілікті.

2.3 Сынама тапсыру процедурасынан жалтару, бас тарту немесе келмеу

Сынама тапсырудан жалтару немесе дәлелді себеп болмаған жағдайда, осы *Ережеге* немесе басқа да қолданылатын допингке қарсы ережелерге сәйкес, хабарлама алғаннан кейін *Сынама* тапсыру процедурасына келуден бас тарту немесе келмеу.

2.4 Орналасқан жері туралы ақпаратты ұсыну тәртібін бұзу

Он екі ай ішінде үш рет жіберілген тестің кез-келген тіркесі және/немесе Тестілеу және тексерудің *Халықаралық стандартына* сәйкес *Спортшының Тіркеу Тестілеу Пулына* ақпарат беру талабын орындамаған жағдайы.

2.5 Бұрмалау немесе Допинг-бақылаудың кез-келген құрамдас бөлігін бұрмалау әрекеті

Допинг-бақылау процедураларына кедергі келтіретін, бірақ *Тыйым салынған әдістің* анықтамасына жатпайтын әрекет. Бұрмалауға *Допинг-бақылау* процедураларын жүргізуге өкілетті тұлғаға кедергі жасау немесе кедергі жасауға әрекет, *Допингке қарсы ұйымға* жалған ақпарат беру, қорқыту немесе әлеуетті куәгерді қорқыту әрекеті кіреді және мұнымен шектелмейді.

2.6 Тыйым салынған субстанцияға немесе Тыйым салынған әдіске ие болу

2.6.1 Спортшыда жарыс кезінде кез келген *Тыйым салынған субстанция* немесе *Тыйым салынған әдіс* немесе *Жарыстан тыс* кезеңде *Жарыстан тыс* кезеңде қолдануға рұқсат етілмеген кез-келген *Тыйым салынған субстанцияның* немесе *Тыйым салынған әдістің* бар болуы, егер *Спортшы* мұндай иелік ету 4.4-бапқа сәйкес оның терапиялық қолдануға (ТҚ) рұқсатқа сәйкес берілгенін немесе басқа да жарамды түсініктемелері бар екенін дәлелдей алмаса.

2.6.2 *Спортшы Қызметкерінің* жарыс кезінде кез келген *Тыйым салынған субстанцияға* немесе *Тыйым салынған әдіс* немесе *Жарыстан тыс* кезеңде *Жарыстан тыс* кезеңде қолдануға рұқсат етілмеген кез-келген *Тыйым салынған субстанцияға* немесе *Тыйым салынған әдіске* ие болуы, егер бұл спортшыға, жарыстарға немесе жаттығуға қатысты болмаса, егер *Спортшы қызметкері* мұндай иелік ету спортшыға 4.4-бапқа сәйкес рұқсат етілген ТҚ-ға қайшы келмейтінін немесе басқа да жарамды түсініктемелері бар екенін дәлелдей алмаса.

2.7 Тыйым салынған субстанцияларды немесе тыйым салынған әдістерді тарату немесе таратуға әрекет жасау.

2.8 Кез-келген Спортшыға *Жарыс* кезеңінде *Тыйым салынған субстанцияны* немесе *Тыйым салынған әдісті* тағайындау немесе тағайындауға әрекет жасау, немесе кез-келген *Спортшыға Жарыстан тыс* кезеңде қолдануға тыйым салынған *Тыйым салынған субстанцияны* немесе *Тыйым салынған әдісті* тағайындау немесе тағайындауға әрекет жасау.

2.9 Бірге қатысу

Көмек, ынталандыру, жәрдемдесу, айдап салу, ымыраласу, жасыру немесе бірге қатысудың басқа да кез-келген түрі, допингке қарсы ережелерді бұзу немесе бұзуға әрекет етуді қоса алғанда, немесе басқа Тұлғаның 10.12.1-бабын бұзуы.

2.10 Тыйым салынған ынтымақтастық

Спортшының немесе *Допингке қарсы ұйымның* юрисдикциясы жүретін басқа Тұлғаның кәсіби немесе спортқа қатысты дәрежеде мынадай кез-келген *Спортшы Қызметкерімен* ынтымақтастығы:

2.10.1 *Дисквалификация* мерзімін өтеп жүрген, егер оған *Допингке қарсы ұйымның* юрисдикциясы жүретін болса; немесе

2.10.2 Егер оған Допингке қарсы ұйымының юрисдикциясы жүрмейтін болса және Дисквалификацияға *Кодекске* сәйкес нәтижелерді өңдеу барысында ұшыратылмаса, қылмыстық, тәртіптік немесе кәсіби тергеу барысында айыпталып, немесе допингке қарсы ережелерді бұзу деп танылатын әрекеттерге қатысқаны үшін кінәлі деп танылған болса, мұндай Тұлғаға қатысты *Кодекске* сәйкес ережелер қолданылған болса. Мұндай Тұлғамен ынтымақтастық қылмыстық істің, кәсіптік немесе тәртіптік іс жүргізудің шеңберінде қабылданған шешім шыққан күннен бастап немесе қылмыстық іс, кәсіптік немесе тәртіптік іс жүргізу шеңберінде салынған санкцияның қолданылу мерзімі ішінде, қайсысы ұзағырақ болмасын, алты жыл ішінде тыйым салынған болып саналады; немесе

2.10.3 Біреудің орнына қойылған адам ретінде немесе 2.10.1. немесе 2.10.2-Баптарында көрсетілген Тұлғаның делдалы ретінде әрекет етеді.

Осы ережені қолдану мақсаттары үшін *Спортшы* немесе басқа Тұлғаны *Спортшы* немесе басқа Тұлға құзыретіндегі Допингке қарсы ұйым немесе ДДҚА Тұлғаны Спортшы Қызметкерінің құрамынан шығарылып, дисквалификацияға ұшыратылғаны және Тыйым салынған ынтымақтастықтың ықтимал салдары жөнінде, сондай-ақ Спортшы немесе басқа Тұлға осындай ынтымақтастықты болдырмау үшін ақылға қонымды шаралар қабылдауы тиіс екені туралы жазбаша түрде ертерек ескертуі қажет.

Сонымен қатар, *Допингке қарсы ұйым, Спортшы Қызметкерлері қатарындағы Тұлғаның* 2.10.1 және 2.10.2 баптарында сипатталған критерийлер өзіне қатысы емес екенін түсіндіру туралы өтінішпен Допингке қарсы ұйымға 15 күн ішінде жүгіне алатыны жөнінде *Спортшы Қызметкерлерінің қатарындағы Тұлғаны* хабардар ету үшін, бұл жөнінде *Спортшыға* немесе басқа Тұлғаға хабарланады, ақылға қонымды шара қолдануы тиіс. (16-бапқа қарамастан, бұл бап *Спортшы Қызметкерлері қатарындағы Тұлғаның* біліктіліктен айыруға әкеп –соққан іс-әрекеті Кодекстің 25-бабында көзделген күшіне ену күніне дейін болған жағдайда да қолданылады.)

2.10.1 немесе 2.10.2-Бапта сипатталған *Спортшы Қызметкерлерімен* кез-келген байланыс кәсіби емес немесе спортқа қатысы жоқ екенін дәлелдеу ауыртпалығы Спортшыға немесе басқа Тұлғаға жүктеледі. Егер ХОК 2.10.1, 2.10.2 немесе 2.10.3-

Баптарында көрсетілген критерийлерге сай келетін *Спортшы Қызметкері* жөнінде білген жағдайда ондай ақпаратты ДДҚА ұйымына беруі тиіс.

3-БАП. ДОПИНГТІ ДӘЛЕЛДЕУ

3.1 Ауыртпалық және дәлелдеу стандарттары

ХОК (немесе *ХОК* атынан осы Ереженің 8.1.1-бабына сәйкес сот отырысында сөйлейтін *ПА*) допингке қарсы ереженің бұзылу фактісінің анықталғанына жауап береді. Дәлелдеу стандарты - *ХОК-тің* допингке қарсы ережелердің бұзылғанын анықтауы, бұл тағылып отырған айыптаулардың ауырлығын ескере отырып, істі тыңдау процедурасын жүзеге асыратын алқаға қолайлы деңгейде болу керек. Бұл дәлелдеу стандарты барлық жағдайларда жай ықтималдықтар теңгерімінен артық, бірақ саналы күмәннен тыс дәлелдемеден кем болып табылады. Егер осы Ережелер презумпцияны теріске шығару немесе белгілі бір фактілер мен жағдайларды анықтау мақсатында допингке қарсы ереже бұзған деп болжанған *Спортшыға* немесе *басқа Тұлғаға* дәлелдеу ауыртпалығын жүктесе, ықтималдықтар теңгерімі дәлелдеу стандарты болып табылады.

3.2 Фактілер мен презумпцияны анықтау әдістері.

Допингке қарсы ережені бұзуға қатысты фактілер кез-келген сенімді тәсілмен, оның ішінде мойындау жауабы арқылы анықтала алады. Допингке қатысты істерде дәлелдеудің келесі ережелері қолданылады:

3.2.1 Тиісті ғылыми қоғамдастықпен және тәуелсіз сараптамамен кеңескеннен кейін ДДҚА бекіткен аналитикалық әдістер мен төменгі шектік мәндер ғылыми негізделген деп саналады.

Ғылыми негізділіктің бұл презумпциясын жоққа шығаруға ұмтыған кез-келген *Спортшы* немесе кез-келген *Тұлға*, кез-келген даудың алдындағы шарттар ретінде, алдымен ДДҚА-ні өзінің ниеті мен негіздемесінен хабардар етеді. Спорт жөніндегі төрелік сот өз бастамасымен осындай кез-келген әрекет туралы ДДҚА-ке хабарлай алады. ДДҚА-тің сұрауы бойынша Спорт жөніндегі төрелік сот алқасы келіспеушіліктің туындаған себептерін бағалау үшін тиісті ғылыми сарапшыны көмекке шақыруы мүмкін. ДДҚА көрсетілген хабарламаны және Спорт жөніндегі төрелік соттан істі алғаннан бастап 10 күннің ішінде, ДДҚА тараптардың бірі-үшінші, даудың мәніне қатысты өз талабын ұсынбайтын тұлға ретінде, іске араласуға құқылы.

3.2.2 ДДҚА аккредитациясынан өткен зертханалар және ДДҚА бекіткен басқа зертханалар Сынамалар зерттеуі мен олардың сақталуына қатысты барлық процедураларды зертханаларға арналған Халықаралық стандартқа сәйкес жүзеге асырады деп күтіледі. *Спортшы* немесе басқа *Тұлға* бұл болжамды талдаудың жағымсыз нәтижесінің себебі болатындай, Халықаралық стандарттан ауытқудың бар екенін анықтай отырып, жоққа шығара алады. Егер *Спортшы* немесе басқа *Тұлға* талдаудың жағымсыз нәтижесіне себеп болатындай зертханаларға арналған

Халықаралық стандарттан ауытқу болғандығын дәлелдеп, жоғарыда айтылған болжамға сәтті қарсылық көрсете білсе, көрсетілген ауытқу теріс талдау нәтижесінің себебі болмайтынын дәлелдеу ауыртпалығы Допингке қарсы ұйымға жүктеледі.

3.2.3 Осы Ережеде белгіленген, талдаудың Жағымсыз нәтижесінің және басқа допингке қарсы ереженің бұзылу себебі болмаған кез- келген басқа да қолданылатын *Халықаралық стандарттан* немесе басқа допингке қарсы Ережеден, немесе саясаттан ауытқу көрсетілген дәлелдемелерді немесе нәтижелерді жарамсыз деп тануға әкеп соқпайды. Егер *Спортшы* немесе басқа *Тұлға* талдаудың жағымсыз нәтижесіне себеп болатындай зертханалардың *Халықаралық стандартынан* ауытқу болғандығын көрсетіп, жоғарыда айтылған болжамға сәтті қарсылық көрсете білсе, көрсетілген ауытқу теріс талдау нәтижесінің себебі немесе допингке қарсы ережені бұзудың нақты негізі болмайтынын дәлелдеу ауыртпалығы Допингке қарсы ұйымға жүктеледі.

3.2.4 Соттың немесе құзыретті кәсіби тәртіптік трибуналдың шешімімен анықталған, қаралып жатқан шағым берілмеген, фактілер егер *Спортшы* немесе басқа *Тұлға* бұл шешімнің табиғи құқық принциптерін бұзатындығын дәлелдемесе, *Спортшыға* немесе осы фактілерге қатысы бар басқа *Тұлғаға* қарсы дәлел деп табылады.

3.2.5 Допингке қарсы ереже бұзушылықтар туралы істі тыңдау кезінде алқа (оның ішінде күмәнді болдырмау үшін, *Спорт жөніндегі төрелік соттың* Допингке қарсы бөлімі) допингке қарсы ережелерді бұзғаны үшін айыпталған *Спортшы* немесе басқа *Тұлғаға* қатысты осы *Спортшының* немесе басқа *Тұлғаның* сот отырысына келуден және сот алқасының немесе ХОК сұрақтарына жауап беруден бас тартуының негізінде жағымсыз қорытынды шығаруы мүмкін.

4-БАП. ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ТІЗІМ

4.1 Тыйым салынған тізімді енгізу

Осы *Ережелерге Кодекстің* 4.1-Бабында баяндалғандай, *ДДҚА* жариялайтын және қайта қарастыратын *Тыйым салынған тізім* кіреді.

ҰОК-тері өз делегацияларының, соның ішінде *Спортшыларының* да, осы Тыйым салынған тізіммен танысуын өз мойнына алады.

Жоғарыда айтылғандарға қарамастан, Токио 2020 Олимпиада Ойындарына қатысатын немесе оған аккредитация алған кез-келген *Қатысушының басқа Тұлғаның Тыйым салынған тізімді* білмеуі оны ақтап алмауы тиіс.

4.2 Тыйым салынған тізімге кірген Тыйым салынған субстанциялар мен Тыйым салынған әдістер

4.2.1 Тыйым салынған субстанциялар мен Тыйым салынған әдістер

Егер *Тыйым салынған тізімде* және/немесе оның өзгертілген және толықтырылған нұсқасында өзгеше белгіленбесе, *Тыйым салынған* тізім және оның өзгертілген және толықтырылған нұсқалары ХОК тарапының қандай да бір әрекетсіз, осы Ережелерге сәйкес ДДҚА жарияланғаннан кейін үш ай өткен соң күшіне енеді.

4.2.2 Барлық *Спортшылар* мен басқа да *Тұлғалар* осы *Тыйым салынған Тізімнің* шарттарын және олардың кез-келген қайта қаралған және толықтырылған нұсқаларын олар күшіне енген сәттен бастап әрі қарай рәсімдеусіз сақтауға міндетті. Тыйым салынған тізімнің қазіргі нұсқасымен және оған енгізілген барлық түзетулермен танысу барлық *Спортшылар* мен басқа да *Тұлғалардың* міндетіне кіреді.

4.2.3 *Ерекше субстанциялар*

Барлық *Тыйым салынған субстанциялар*, анаболикалық агенттер мен гормондар класына жататын заттардан, сондай-ақ *Тыйым салынған* тізімде осылайша көрсетілген гормондар мен модуляторлардың стимуляторлары мен антагонистерінен басқалар, *Ерекше субстанциялар* болып саналады. *Ерекше субстанциялар* санатына *Тыйым салынған* әдістер кірмеуі тиіс.

4.3 ДДҚА-нің тыйым салынған тізімді анықтауы

Тыйым салынған тізімге енгізілетін *Тыйым салынған субстанциялар* мен *Тыйым салынған әдістерді* ДДҚА-тің анықтауы, *Тыйым салынған субстанциялардың* санаттарға жіктелуі және *Тыйым салынған субстанциялардың* кез-келген уақытта тыйым салынған немесе тек Жарыс кезеңінде тыйым салынған деп жіктеу түпкілікті болып табылады және *Спортшы* немесе басқа *Тұлға* субстанция немесе әдіс бүркемелейтін зат емес немесе спорттық нәтижені жақсартуы мүмкін емес деген, денсаулыққа қауіп төндірмейтіні немесе спорттың шынайы мақсатына қайшы келмейтіндігі туралы дәлелге сүйене отырып, қайта шағымдана алмайды.

4.4 Терапиялық қолдануға рұқсат («ТҚР»)

4.4.1 *Тыйым салынған субстанцияның*, оның *Метаболиттерінің* немесе *Маркерлерінің* болуы, *Тыйым салынған субстанцияны* немесе *Тыйым салынған әдісті пайдалану* немесе *пайдалануға әрекет жасау*, *Тыйым салынған субстанцияға* немесе *Тыйым салынған әдіске ие болу*, немесе *Тыйым салынған субстанцияны* немесе *Тыйым салынған әдісті* тағайындау, егер бұл Терапиялық қолданудың *Халықаралық стандарты* негізінде берілген *ТҚР* шарттарына сәйкес келсе, допингке қарсы ережелерді бұзу ретінде саналмауы тиіс.

4.4.2 *ITA Терапиялық қолдануға рұқсат беру* комитетінің («ТҚК»), мүшелерін тағайындайды, ол *ТҚК Халықаралық Стандартына* сәйкес мамандардан тұруға тиіс. Әрбір *ТҚР-ты* *ТҚРК-тің* үш мүшесі бағалайды.

4.4.2.1 *ТҚРК* *ТҚР-қа* сұранымды дереу бағалап, тез арада шешім қабылдайды, және бұл туралы ADAMS арқылы хабарлайды.

4.4.2.2 *ITA* кешіктірмей *Спортшыға*, немесе, егер ол болмаған жағдайда *Спортшының ҰОК-не* (төмендегі 14-бапқа сәйкес), ДДҚА және тиісті Халықаралық федерацияға ТҚР туралы шешімді хабарлайды.

4.4.2.3 Терапиялық қолданудың *Халықаралық стандартының* ережелері *ТҚР*-қа өтініш беру, мойындау, шешім қабылдау, қайта қарау және шағымдану процестері кезінде сақталып, автоматты түрде қолданылуы тиіс. ТҚРК берген ТҚР тек Токио 2020 Олимпиада Ойындарында ғана жарамды.

4.4.3 Егер *Спортшының Допингке қарсы Ұлттық ұйым* немесе *Халықаралық федерация* берген ТҚР-ы болса, және бұл ТҚР АДАМС жүйесіне кіргізілмеген жағдайда, Спортшы ТҚР-ты бекіту үшін ТҚРК-не Токио 2020 Олимпиадасының басталуына кемінде 30 күн қалғанға дейін ұсынады.

ТҚРК Токио 2020 Олимпиадасы басталғанға дейін кез келген осындай ТҚР-ты Терапиялық қолданудың Халықаралық стандартында белгіленген критерийлеріне сәйкестігін қарауға және қажет болған жағдайда қосымша растайтын құжаттарды сұратуға құқылы. Егер ТҚРК ТҚР-ты қарастыруды шешсе және жоғарыда аталған критерийлерге сәйкес келмейді деп шешсе және сондықтан оны мойындаудан бас тартса, ол бұл туралы себептерін түсіндіре отырып, *Спортшыға* және Спортшының ҰОК-не (төмендегі 14-бапқа сәйкес) дереу хабарлауы тиіс.

4.4.4 ТҚР-ты мойындау немесе мойындамау туралы ТҚРК шешімі жөнінде Спортшы тек ДДҚА-ке шағымдана алады. Егер Спортшы шағым түсірмесе (немесе егер ДДҚА апелляцияны оның пайдасына шешпесе), ол Токио 2020 Олимпиадасы кезінде Тыйым салынған субстанцияны немесе Тыйым салынған әдісті қолдана алмайды, алайда, оның Допингке қарсы Ұлттық ұйымы немесе Халықаралық федерация берген ТҚР Токио 2020 Олимпиада ойындары шеңберінен тыс жерде жарамды.

4.4.5 4.4.4-Баптың ережелеріне қарамастан, ДДҚА ТҚРК-нің ТҚР туралы шешімін осы жағдайдан зардап шеккендердің өтініші бойынша немесе өз бастамасы бойынша қайта қарай алады. Егер ТҚР бойынша қаралған шешім Терапиялық қолданудың *Халықаралық стандартында* белгіленген критерийлерге сәйкес келсе, ДДҚА араласпайды. Егер ТҚР бойынша шешім мұндай критерийлерге сәйкес келмесе, ДДҚА оны қайта қарайды.

4.4.6 Барлық ТҚР АДАМС арқылы басқарылуы, сұралуы және хабарлануы тиіс. Барлық ТҚР жөніндегі шешімдер үшін сұраным жіберу, басқару және хабарлау АДАМС арқылы мүмкіндігінше тезірек іске асырылуы керек.

5-БАП. ТЕСТІЛЕУ ЖӘНЕ ТЕКСЕРУ

5.1 Тестілеудің және тексерудің мақсаты

Тестілеу мен тексеру тек допингпен күресу мақсатында ғана жүргізіле алады. Олар тестілеу мен тексерудің Халықаралық стандартының ережелеріне және осы стандартты толықтыратын ХОК және / немесе *ITA*-ның (тапсырылған өкілеттілік

аясында) нақты Хаттамаларына сәйкес жүргізілуі керек, мұндай хаттамалар Кодекске және Халықаралық тестілеу мен тергеудің стандартына сәйкес келуі тиіс.

5.1.1 *Тестілеу* Спортшының Тыйым салынған субстанцияны немесе тыйым салынған әдісті пайдалануға/олардың болуына қатаң тыйым салынғанын сақтауының (сақтамауының) айғағын алу мақсатымен жүргізілуі керек.

5.1.2 Тексерулер жүргізілуі тиіс:

5.1.2.1 Атиптік нәтижелерге қатысты, 7.3-бапқа сәйкес 2.1 және / немесе 2.2-баптарға сәйкес допингке қарсы ережелердің бұзылғанын немесе жоқтығын анықтау үшін ақпарат немесе дәлелдемелер (соның ішінде зертханалық талдау арқылы алынған дәлелдер) жиналуы керек; және

5.1.2.2 допингке қарсы ережелер бұзылған деп болжауға басқа негіздердің болуына қатысты, 7.4 және 7.5-Баптарға сәйкес 2.2-2.10-Баптардың кез-келгеніне сәйкес допингке қарсы ережелердің бұзылғанын немесе болмағандығын анықтау үшін ақпарат немесе дәлелдер жиналуы керек (соның ішінде зертханалық талдау әдісінен басқа әдістермен алынған дәлелдер).

5.1.3 *ITA* барлық қол жетімді көздерден допингке қарсы ақпаратты алып, бағалай және өңдей алады, Тестілеу өткізудің тиімді, орынды және пропорционалды жоспарының әзірленіп жатқаны туралы хабарлай алады, мақсатты Тестілеуді жоспарлай алады және/немесе допингке қарсы ереже бұзушылық(тар) мүмкіндігін тексеруге негіз болатын себептерді көрсете алады.

5.2 Тестілеу өткізуге өкілеттілік

5.2.1 Кодекстің 5.2.3-Бабына сәйкес *ХОК Токио 2020 Олимпиада Ойындары* кезінде Спортшыларды Жарыс және Жарыстан тыс кезеңдерде Тестілеуден өткізуге құқылы.

5.2.2 Тиісінше, *ITA Токио 2020 Олимпиада Ойындарына* қатысатын кез-келген Спортшыны Жарыс және Жарыстан тыс кезеңдерде Тестілеуден өткізе алады.

5.2.3 *ITA* ХОК тестілеуге өкілеттілігі жүретін кез-келген спортшыдан кез-келген уақытта, кез келген жерде *Сынама* тапсыруды талап ете алады.

5.2.4 Кодекстің 5.3-Бабына сәйкес, *ITA Токио-2020 Олимпиадасы* кезінде Спорттық нысандарда Тестілеуге ұйытқы болуға және басқаруға ерекше өкілеттікке ие. Кодекстің 5.3.1-бабына сәйкес, тек *ITA* ғана емес, сонымен қатар Токио 2020 Олимпиада Ойындарына қатысатын Спортшыларды Тестілеуден өткізуге құқығы бар басқа да допингке қарсы ұйымдар спорттық нысандардан тыс жерде Токио 2020 Олимпиада Ойындары кезінде Спортшыларды Тестілеуден өткізе алады.

5.2.5 Кодекстің 5.2.3-Бабына сәйкес ХОК Токио 2020 Олимпиада Ойындарына қатысатын барлық Спортшылар үшін *Токио 2020 Олимпиада Ойындары алдындағы Кезеңде Жарыстан тыс Тестілеу* өткізуге құқылы. Мұндай Тестілеуді ХОК атынан *ITA* өткізе алады.

5.2.6 Жоғарыда айтылғандарға қарамастан, ДДҚА *Кодекстің* 20.7.8-Бабында көрсетілгендей, *Жарыс* кезінде және *Жарыстан тыс* кезеңдерде тестілеу өткізуге өкілетті.

5.3 Допинг-бақылау үшін жауапкершілікті, қадағалауды және мониторингті тапсыру

5.3.1 ХОК Қол қоюшылардың *Кодекске* сәйкестін сақтаудың *Халықаралық стандартына* және Осы Ережелердің 5.3.2-Бабына сәйкес, Токио 2020 Олимпиадасына байланысты допинг-бақылауды толық немесе ішінара орындауды қоса алғанда, соның ішінде, шектеусіз, тестілеуді жоспарлау, ТҚР және нәтижелерді өңдеуді қоса алғанда, өзінің кейбір міндеттемелері мен міндеттерін осы Ережелерге сәйкес ІТА-ға тапсырды.

Осы Ережелердегі ІТА-ға сілтемелер, бұл қолданылатын жерде, жоғарыда аталған тапсыру аясында ХОК атынан әрекет ететін ІТА-ға сілтемелер болып табылады.

ІТА өз кезегінде *Токио 2020 Олимпиадасына* байланысты Допинг-бақылауды толық немесе ішінара өткізуді *Токио 2020 Олимпиадасының* Ұйымдастыру Комитетіне (Токио-2020) немесе кез-келген допингке қарсы ұйымға немесе өзі қажет деп санайтын үшінші тарапқа (мысалы, Сынама алу бойынша агенттікке) тапсыра алады. Бұл жағдайда *Токио 2020* және осындай *Допингке қарсы ұйымдар* немесе үшінші тұлғалар осы *Ережелерге* және *ІТА* ұсынған кез-келген қосымша талаптар мен нұсқауларға сәйкес әрекет етеді.

ІТА-ның міндеттемелері мен жауапкершілігін тапсыруы ХОК-ке тапсырылған осындай өкілеттіктері кез келген уақытта және өз қалауы бойынша жойылғанға немесе қайтарылып алынғанға дейін жалғасады. Күшін жойған немесе қайтарылып алынған жағдайда ІТА-ға жасалған кез-келген сілтеме ереже бойынша ХОК-қа жасалған сілтемелер деп саналады.

5.3.2 Жоғарыда аталған *ІТА* өкілеттіліктерінің тапсырылатынына және қолданылатындай дәрежеде, осы Ережелерде көрсетілгендей, *ІТА* кез келген өкілеттілігінің тапсырылатынына қарамастан, *ХОК*, сайып келгенде, допинг-бақылау процедурасы үшін және *ІТА* және / немесе кез-келген допингке қарсы ұйым немесе *Токио 2020 Олимпиада Ойындарында* оның басшылығымен әрекет ететін үшінші жақтар өткізетін Допинг-бақылау процедурасының *Кодекске* сәйкестігіне жауапты болып қала береді.

5.3.3 Допинг-бақылауды ІТА және / немесе ХОК өкілеттік берген білікті мамандар басқара алады.

5.4 Тестілеуді белгілеу жоспары

ІТА *Тестілеу* мен *Тексерудің Халықаралық стандартының* талаптарына сәйкес *Токио2020 Олимпиада Ойындары* үшін Тестілеуді белгілеудің тиімді жоспарын әзірлейді, жанартады және жүзеге асырады. тер мен зерттеулердің халықаралық

стандартының талаптарына сәйкес арналған Тесттерді таратудың тиімді жоспарын жасайды, жаңартады және жүзеге асырады.

ІТА Тестілеуді белгілеудің осындай жоспарының орындалуын және ондағы кез- келген кейінгі өзгертулерді бақылауға жауапты.

ІТА қысқа мерзім ішінде ХОК пен ДДҚА-ке Тестілеуді белгілеу жоспарының көшірмесін, ондағы кез- келген кейінгі өзгертулерді қоса, беруі керек.

5.5 Допинг-бақылауды үйлестіру

Токио 2020 Олимпиада Ойындары үшін тиімді допингке қарсы бағдарламаны қамтамасыз ету және Допингті бақылау процедураларының қажетсіз қайталануын болдырмау үшін *ІТА ХОК, Токио 2020, ДДҚА, Халықаралық федерациялар*, басқа да *Допингке қарсы ұйымдармен* және *ҰОК*-мен бірлесе отырып, *Токио 2020 Олимпиада Ойындары* кезінде допинг-бақылауды үйлестіруді қамтамасыз етеді.

ІТА, сонымен қатар, *Тәуелсіз Бақылаушылар Бағдарламасының* мүшелеріне барлық аяқталған сынақтар туралы, олардың нәтижелерімен бірге, ақпаратты ұсынуы керек.

Тиісті жағдайларда, Тестілеудің тиімділігін арттыру және негізсіз Тестілеуді бірнеше рет өткізбеу үшін Тестілеу *АДАМС* немесе *ДДҚА* бекіткен басқа жүйе арқылы үйлестірілуі керек. *Допинг-бақылау* мен *Сынамалар* алуға қатысты барлық тиісті ақпарат тез арада *АДАМС* немесе *ДДҚА* бекіткен басқа жүйеге жүктелуі тиіс.

5.6 Спортшының орналасқан жері туралы ақпарат

5.6.1 Егер *Спортшылар* Тіркелген тестілеу пулына кіргізілген болса, ІТА, Токио2020 - мен бірлесе отырып, осы Ережелердің 5.2-Бабына сәйкес ХОК тарапынан Спортшы Тестілеуден өтуі тиіс кезең үшін оның орналасқан жері туралы Ақпаратқа қол жеткізе алады (Тестілеу мен Тексерудің Халықаралық стандартында анықталғандай). *ХОК* және *ІТА* спортшының орналасқан жері туралы ақпаратқа, әдетте, *АДАМС* және/немесе *Халықаралық федерациялар* немесе Спортшының орналасқан жері туралы ақпарат алатын *Допингке қарсы ұлттық ұйым* арқылы қол жеткізетін болады.

5.6.2 Қосымша ретінде, әрбір *ҰОК* Токио-2020 Олимпиада Ойындары кезінде өз делегациясына кіретін *Спортшылардың* (Тіркелген тестілеу пулына кірмейтін спортшыларды қоса) орналасқан жері туралы және келу/кету күндері туралы қосымша ақпарат беруі тиіс; мұнда, мысалы, ғимараттың атауы және спортшының Олимпиадалық қалашықта орналасқан бөлмесінің нөмірі, *Спортшылардың* Олимпиадалық қалашық аймағында орналасқан жері, сонымен қатар, олардың жаттығу өткізу кестесі мен жаттығу орны туралы толық ақпарат қамтылуы керек.

Күдік болмау үшін ІТА бұл ақпаратты Токио-2020 Олимпиада Ойындарына байланысты Тексеру және Допинг- бақылау мақсатында қолдана алады.

ҰОК, сонымен қатар, *Токио 2020 Олимпиада Ойындары* кезінде *Спортшылардың* орналасқан жері туралы ақпаратты бақылайды және басқарады және өз делегациясы

құрамындағы Спортшылардың орналасқан жерін анықтау үшін ІТА-ға сұраған қосымша көмегін тиісті деңгейде көрсетеді. Жағдайларға байланысты қолданылуы мүмкін кез келген басқа шараларға залал келтірмейтін, егер мұндай ақпаратты бермеу осы Ережеге сәйкес допингке қарсы ережелерді бұзу болып табылса, жоғарыда айтылған көмекті көрсетуге қабілетсіздік Олимпиада хартиясының 59.1 және / немесе 59.2- ережесіне сәйкес шара немесе санкциялар қолдануға әкеп соғуы мүмкін.

5.6.3 *ІТА-ның сұрауы бойынша Спортшылар ІТА-ға Токио 2020 Олимпиада Ойындары кезінде өздерінің орналасқан жері туралы ақпаратты тікелей ұсынуы (немесе оны ІТА үшін қол жетімді етуі) тиіс (жоғарыда 5.6.2-Бапта көрсетілген ақпарат).*

Спортшылар ақпаратты ұсынудың ІТА талап еткен кез- келген мерзімін сақтауы керек. Жағдайларға байланысты қолданылуы мүмкін кез- келген басқа шараларға залал келтірмейтін, егер мұндай ақпаратты бермеу осы Ережеге сәйкес допингке қарсы ережелерді бұзу болып табылса, жоғарыда айтылған көмекті көрсетуге қабілетсіздік Олимпиада хартиясының 59.1 және / немесе 59.2- ережесіне сәйкес шара немесе санкциялар қолдануға әкеп соғуы мүмкін.

5.7 Тәуелсіз бақылаушы бағдарламасы

ХОК рұқсат береді және ІТА-мен бірлесе отырып, Токио 2020 Олимпиада Ойындарында тәуелсіз бақылаушылар бағдарламасын іске асыруға көмектеседі.

6-БАП. СЫНАМАЛАР ТАЛДАУЫ

Сынаманы талдау келесі принциптерге сәйкес жүргізілуі тиіс:

6.1 Аккредитациядан өткен және бекітілген зертханаларды пайдалану

Кодекске сәйкес және осы Ережелердің 2.1-Бабының мақсаттары үшін Сынамалар тек ДДҚА аккредитациясынан өткен зертханаларда немесе ДДҚА басқаша мақұлданған зертханаларда талдануы керек.

6.2 Сынамаларды талдаудың мақсаты

Сынама талдауы Кодекстің 4.5-Бабында көрсетілген Мониторинг бағдарламасына сәйкес ДДҚА тағайындаған Тыйым салынған субстанциялар мен Тыйым салынған әдістерді және басқа субстанцияларды анықтау мақсатында жүргізілуі керек; немесе Спортшының зәрінің, қанының немесе басқа биологиялық үлгілерінің, оның ішінде гендік немесе геномдық профильдердің тиісті параметрлерінің профильдерін жасауға ықпал ету мақсатында немесе допингке қарсы күрес аясында кез-келген басқа заңды мақсатта.

6.3 Сынамаларды ғылыми мақсатта талдау

Спортшының жазбаша келісімінсіз ешқандай Сынама ғылыми мақсатта талдана алмайды. 6.2-Бапта қарастырылғаннан басқа мақсаттар үшін талданған Сынамалардан, оларды нақты бір спортшымен байланыстыру мүмкін болмауы үшін, барлық анықтау белгілерін алып тастау керек.

6.4 Сынамаларды талдау мен есеп берудің стандарттары

Зертханалар зертханалардың *Халықаралық стандартына* сәйкес сынаманы талдауға және талдау нәтижелерін ұсынуға міндетті. *Тестілеудің* тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Кодекстің 5.4.1-бабында көрсетілген Техникалық құжат жекелеген спорт түрлері мен спорт дисциплиналары үшін тәуекелдерді бағалау негізінде әзірленген *Сынама* талдаулары түрінің тізімдерін белгілейді, және зертханалар төменде көрсетілген жағдайлардан басқа талдау түрлерінің осы тізімдеріне сәйкес Сынамаға талдау жүргізуге міндетті:

6.4.1 *ИТА* зертханалардан өзіне тиеселі Сынамаларды Техникалық құжатта сипатталғаннан гөрі ауқымдырақ бағдарлама бойынша талдауды сұрай алады.

6.4.2 Зертханалардың *Халықаралық стандартында* қарастырылғандай, зертханалар Техникалық құжатта қарастырылған үлгілерді талдау түрлерінің қолданылатын тізіміне кірмеген немесе *Тестілеу* жүргізетін орган ұсынған тізімде жоқ *Тыйым салынған субстанциялар* немесе *Тыйым салынған әдістерді* анықтау мақсатында сынамаларға өз бастамасы бойынша және өз қаражаты есебінен талдау жүргізуге құқылы. Кез келген осындай талдау нәтижелері туралы хабарлау керек және кез-келген басқа зертханалық талдау нәтижелері сияқты күші мен салдары бірдей болуы керек.

6.5 Сынамалардың қосымша талдауы

Кез келген *Сынамаға ИТА А* және *В* сынамаларының (немесе *А* Сынамасының нәтижелері, егер *В* сынамасына талдау жүргізу құқығы қолданылмаса немесе өткізілмесе) зертханалық талдау нәтижелерін Спортшыға 2.1-бапқа сәйкес допингке қарсы ережені бұзу деп айыптауға негіз ретінде хабарлағанға дейін кез келген уақытта қосымша талдау жүргізуге болады.

Барлық *Сынамаларды* сақтауға болады және оларға *ХОК* немесе *ДДҚА* тарапынан 6.2-Баптың мақсаттары үшін талдау жүргізуге болады. *Сынамалардың* қосымша талдауы зертханалардың *Халықаралық стандартының* талаптарына сәйкес жүргізілуі керек.

7-БАП. НӘТИЖЕЛЕРДІ ӨНДЕУ

7.1 Нәтижелерді өңдеу үшін жауапкершілік

7.1.1 *ХОК Кодекстің* 7, 8, 9, 10, 11 және 13-баптарының (және осы Ереженің тиісті ережелері) мақсаттары үшін нәтижелерді өңдеу үшін жауапты.

Алайда, өзіне тапсырылған міндеттер аясында *ИТА* осы *Ережелерге* сәйкес туындаған допингке қарсы ережелерді бұзуға қатысты нәтижелерді өңдеу кезінде *ХОК* атынан әрекет еткені үшін жауапкершілік алады. *ИТА*, атап айтқанда, осы 7- Бапта көрсетілгендей шолулар жүргізеді.

7.1.2 Нәтижелерді өңдеу мен *Токио 2020 Олимпиада ойындарының* уақыты аясынан тыс *Салдарларға* қатысты осы *Ережелерге* сәйкес туындаған допингке қарсы ереже бұзушылық туралы істі тыңдауды өткізу жауапкершілігі тиісті *Халықаралық федерацияға* беріледі.

7.2 ИТА бастамасымен өткен Тестілеу талдауының Жағымсыз нәтижелерін қарастыру

Осы *Ережеге* сәйкес ИТА бастамасымен өткізілген Тестілеу нәтижелеріне қатысты нәтижелерді өңдеу (оның ішінде осы *Ереженің* 5.2.6-Бабына сәйкес *ДДҚА* өткізген кез-келген сынақты қоса) төмендегідей іске асады:

7.2.1 Барлық талдаулардың нәтижелері, сынағандар қашан алынғанына қарамастан, *Токио 2020 Олимпиадасына дейінгі және Токио 2020 Олимпиада Ойындары* кезінде және олардан тыс кезеңде *АДАМС*-қа жіберілуі тиіс.

Барлық хабарламалар мен есептер зертханалардың *Халықаралық стандартына*, құпиялылықты және жеке ақпаратты қорғаудың *Халықаралық стандартына* сәйкес, *АДАМС* жүйесін қолдануға болатын жағдайларда *АДАМС* арқылы өтетін деректерді қорғау мен құпиялылық туралы заңдарға сәйкес берілуі керек.

7.2.2 Талдаудың жағымсыз нәтижесін алған кезде *ИТА* мынадай жағдайларды анықтау үшін тексеру жүргізуі керек:

(а) Терапиялық қолдану жөніндегі *Халықаралық стандартта* қарастырылған қолданылатын *ТҚР* берілді ме немесе беріле ме, немесе

(б) Талдаудың *Жағымсыз нәтижесіне* себеп болған *Тестілеу мен тексерудің Халықаралық стандартынан* немесе *Зертханалардың Халықаралық стандартынан* нақты ауытқу орын алды ма.

ИТА талдаудың жағымсыз нәтижелерін анықтауға байланысты қосымша ақпараттар мен түсініктемелерге, сонымен бірге енгізу жолдарына қатысты, сұрау сала алады.

7.2.3 Егер 7.2.2-бапқа сәйкес *талдаудың Жағымсыз нәтижесін* қарастырған кезде *талдаудың Жағымсыз нәтижесіне* себеп болған *ТҚР* бар екені немесе *Тестілеу мен Тексерудің Халықаралық стандартынан* немесе *зертханалардың Халықаралық стандартынан* ауытқу болғаны анықталса, барлық тест теріс деп саналады, және бұл жөнінде *Спортшының Халықаралық Федерациясы*, *ХОК* және *ДДҚА* хабардар етілуі тиіс.

7.2.4 Егер 7.2.2-бапқа сәйкес *талдаудың Жағымсыз нәтижесін* қарастырған кезде *талдаудың Жағымсыз нәтижесіне* себеп болған *ТҚР* немесе *ТҚР-қа құқығы бар екені* немесе *Тестілеу мен Тексерудің Халықаралық стандартынан* немесе *зертханалардың Халықаралық стандартынан* ауытқу болғаны анықталса, *ИТА*:

(а) *Спортшыға*;

(б) *Спортшының ҰОК-не*;

(с) *Спортшының Халықаралық Федерациясына* (істі тыңдауға өкілін (дерін) жіберуге құқығы бар)

(д) *Спортшының тиісті Допингке қарсы ұлттық ұйымына*;

(e) ХОК-ке; және

(f) ДДҚА (істі тыңдауға қатысуға өз өкілін жіберуге құқығы бар) және, Токио 2020 Олимпиада Ойындары кезінде, Тәуелсіз Бақылаушы Бағдарламасының өкіліне Талдаудың жағымсыз нәтижесі бар екенін және іске қатысты маңызды мәліметтер жөнінде хабарлауы тиіс.

7.2.5 Жоғарыда айтылған 7.2.4 -Баптарда (a) - (f) аталған хабарламалар 13.1 және 14-Баптарда белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады және мынадай ақпаратты қамтуы керек:

(a) *Талдаудың жағымсыз нәтижесі туралы;*

(b) допингке қарсы ереженің бұзылуы туралы;

(c) Спортшының В сынамаcына талдау жүргізуге жедел сұрау салуға құқығы туралы, немесе, егер мұндай сұрау түспесе, В сынамаcының талдауынан бас тарту болып саналады;

(d) егер Спортшы немесе ИТА В Сынамаcының талдауын сұрауды ұйғарса, В Сынамаcының талдаудың тағайындалған күні, уақыты және өткізілетін орны туралы;

(e) егер В Сынамаcын зерттеуге сұраным түссе, *Спортшыға* немесе оның өкіліне *зертханалардың Халықаралық стандартына сәйкес В Сынамаcын* ашу және талдау кезінде қатысу мүмкіндігін беру туралы;

(f) *Зертханалардың Халықаралық стандартына сәйкес Спортшының А және В Сынамаларының зерттеу нәтижелері бойынша құжаттарының толық көшірмесін сұратуға құқығы туралы, және*

(g) қажет болған жағдайда міндетті немесе міндетті емес Уақытша шеттету туралы өтініш.

Спортшыны немесе басқа Тұлғаны хабардар ету осы *Ережелердің 17-Бабының* мақсаттары үшін допингке қарсы ережені бұзуға қатысты қозғалған істің басталуы деп саналады.

7.2.6 Жоғарыда көрсетілген хабарлау процесімен қатар, осы *Ережелердің 8.1.1-Бабына сәйкес, ИТА* тарапынан 8-бапқа және *Спорт жөніндегі төрелік соттың Допингке қарсы бөлімінің ережелеріне сәйкес Спорт жөніндегі төрелік соттың Допингке қарсы күрес бөліміне* өтінім жіберілген болуы тиіс.

7.2.7 *Спортшының* немесе ИТА-ның өтініші бойынша *Зертханалардың Халықаралық стандартына сәйкес В Сынамаcын* талдау үшін шаралар қолданылуы тиіс. *Спортшы В Сынамаcын* талдаудан бас тарта отырып, А *Сынамаcының* талдау нәтижелерін қабылдай алады. Алайда, ИТА В *Сынамаcына* талдау жүргізуге шешім қабылдай алады.

7.2.8 *Спортшыға* және/немесе оның өкіліне В *Сынамаcын* ашу және талдау кезінде қатысуға рұқсат етіледі. Сондай-ақ ИТА өкіліне де қатысуға рұқсат етіледі.

7.2.9 Егер В *Сынамаcының* талдауы А *Сынамаcының* талдауын растамаса, онда (егер ИТА 2.2-Бапқа сәйкес *Допингке қарсы ережені* бұзуға қатысты іс қозғамаса), барлық тест теріс деп саналады, және бұл жөнінде *Спортшы* немесе ол болмаған жағдайда *Спортшының ҰОК-і* (төмендегі 14-Бапқа сәйкес), *Спортшының*

Халықаралық Федерациясы, Спортшының тиісті Допингке қарсы ұлттық ұйымы, ХОК және ДДҚА хабардар етілуі тиіс.

7.2.10 Егер В Сынамасының талдауы А Сынамасының талдауын растаса, нәтижелері жөнінде Спортшы немесе ол болмаған жағдайда Спортшының ҰОК-і (төмендегі 14-Бапқа сәйкес), Спортшының Халықаралық Федерациясы, Спортшының тиісті Допингке қарсы ұлттық ұйымы, ХОК және ДДҚА хабардар етілуі тиіс.

7.3 Атиптік нәтижелерді қарау

7.3.1 Зертханалардың Халықаралық стандартында айтылғандай, кейбір жағдайларда зертханалар эндогендік жолмен пайда болуы мүмкін атиптік нәтижелер ретінде, яғни қосымша зерттеуді қажет ететін нәтижелер ретінде, *Тыйым салынған субстанциялардың* бар екенін хабарлауы тиіс.

Атиптік нәтиже алған кезде ИТА мынадай жағдайларды анықтау мақсатында тексеру жүргізуі керек:

(а) Терапиялық қолдану жөніндегі Халықаралық стандартта қарастырылған қолданылатын ТҚР берілді ме немесе беріле ме, немесе

(б) Атиптік нәтижеге себеп болған Тестілеу мен тексерудің Халықаралық стандартынан немесе Зертханалардың Халықаралық стандартынан нақты ауытқу орын алды ма.

7.3.2 Егер 7.3.1-Бапқа сәйкес жүргізілген *Атиптік нәтижені* тексеру Атиптік нәтижеге себеп болған қолданылатын ТҚР немесе Тестілеу мен Тексерудің Халықаралық стандартынан немесе зертханалардың Халықаралық стандартынан ауытқу болғанын анықтаса, барлық тест теріс деп саналады, және бұл туралы Спортшының Халықаралық Федерациясы, тиісті Допингке қарсы ұлттық ұйымы және ДДҚА хабардар етілуі тиіс.

7.3.3 Егер жүргізілген *Атиптік нәтижені* тексеру Атиптік нәтижеге себеп болған қолданылатын ТҚР немесе Тестілеу мен Тексерудің Халықаралық стандартынан немесе зертханалардың Халықаралық стандартынан ауытқу болғанын анықтамаса, ИТА мұндай жағдайларда қажет тексеруді жүргізуге немесе оны жүргізуді тапсыруға міндетті.

Тексеру аяқталғаннан кейін *Атиптік нәтиже талдаудың Жағымсыз нәтижесі* деп танылады, 7.2.4 және 7.2.5-Баптарға сәйкес, немесе Спортшының Халықаралық федерациясы, Спортшының тиісті Допингке қарсы ұйымы және ДДҚА *Атиптік нәтиже талдаудың Жағымсыз нәтижесі* деп танылмайтыны туралы хабардар болуы тиіс.

7.3.4 ИТА тексеру аяқталып, *Атиптік нәтижені талдаудың Жағымсыз нәтижесі* ретінде қарастыру туралы шешім қабылданғанға дейін, егер ИТА В Сынамасы тексеру аяқталғанға дейін талдануы керек деп шешпесе, *Атиптік нәтиже* туралы хабарламайды. Бұл жағдайда агенттік Спортшыны хабардар еткеннен кейін В сынамасына талдау жүргізе алады, және мұндай хабарламада *Атиптік нәтиженің* сипаттамасы және 7.2.5 (d) - (g) -бапта келтірілген ақпарат болуы керек.

7.4 Орналасқан жері туралы ақпарат беру кезіндегі ереже бұзушылықтарға шолу

ITA орналасқан жері туралы ақпарат беруде орын алуы мүмкін бұзушылықтар, сондай-ақ жіберілген сынақтар туралы (*Тестілеу мен Тексерудің Халықаралық стандартына* сәйкес) не *Спортшының Халықаралық федерациясына*, не *Допингке қарсы ұйымына* хабарлауы керек, бұл осы ұйымдардың қайсысы *Спортшының* орналасқан жері туралы деректерді алатынына байланысты және, тиісінше, *Спортшының* орналасқан жері туралы ақпарат беру кезіндегі бұзушылықтары бойынша нәтижелерін өңдеуде жауапты болады.

7.5 7.2 - 7.4-Баптарда қамтылмаған допингке қарсы ережелерді бұзушылықтарға шолу

ITA, қажет болған жағдайда, қосымша көмек пайдалана отырып, осы *Ережелердің 7.2-7.4-Баптарында* қамтылмаған допингке қарсы ережелердің бұзылуын анықтау үшін кез-келген тексеру жүргізеді.

ITA допингке қарсы ережелердің бұзылғанына сенімді болса, агенттік шұғыл түрде Спортшыға немесе басқа Тұлғаға, немесе Спортшы немесе басқа Тұлға болмаған кезде олардың ҰОК-не (төмендегі 14-Бапқа сәйкес), Спортшының Халықаралық федерациясына, Спортшының тиісті Допингке қарсы ұйымына, ХОК пен ДДҚА-ке допингке қарсы ережені бұзу фактісі анықталғаны, және бұл факт қандай негізде анықталғандығы туралы хабарлауы тиіс. Жоғарыда көрсетілген хабарламамен қатар, осы Ереженің 8.1.1-Бабына сәйкес, *ITA* Спорт жөніндегі төрелік соттың Допингке қарсы күрес бөліміне Спорт жөніндегі төрелік соттың Допингке қарсы күрес бөлімінің ережелеріне сәйкес өтінім жіберуі қажет.

7.6 Уақытша шеттету

7.6.1 Міндетті Уақытша шеттету

Егер А Сынамасының талдауы Ерекше субстанция болып табылматын Тыйым салынған субстанция немесе Тыйым салынған әдіске жасалған талдаудың Жағымсыз нәтижесін анықтаса, ал 7.2.2-Бапқа сәйкес тексеру талдаудың Жағымсыз нәтижесіне себеп болған қолданылатын ТҚР бар екенін немесе *Тестілеу мен Тексерудің Халықаралық стандартынан* немесе *зертханалардың Халықаралық стандартынан* ауытқу болғанын анықтамаса, 7.2.4-Бапта қарастырылғандай, іс қаралып, хабарлама берілгеннен кейін КАС Допингке қарсы күрес бөлімі дереу *Уақытша шеттету* қолданады.

7.1.2-Бапқа сәйкес *Уақытша шеттету* мерзімі Токио 2020 Олимпиада Ойындарымен шектеледі.

7.6.2 Міндетті емес Уақытша шеттету

Егер А Сынамасының талдауы Ерекше субстанцияны талдаудың Жағымсыз нәтижесін анықтаса, немесе 7.6.1-бапта қарастырылмаған кез- келген басқа допингке қарсы ережелер бұзылған жағдайда Допингке қарсы ережелерді бұзғаны үшін айыпталған Спортшыны немесе басқа Тұлғаны 7.2.4 немесе 7.2.5-Бапта қарастырылған хабарламадан кейін *КАС Допингке қарсы күрес бөлімі* уақытша шеттетугі мүмкін. 7.1.2-

Бапқа сәйкес *Уақытша шеттету* мерзімі Токио 2020 Олимпиада Ойындарымен шектеледі.

7.6.3 Өзіне қатысты *Уақытша шеттету* сұралған немесе қолданылған Спортшыға немесе Тұлғаға, 7.6.1 немесе 7.6.2-Баптарға сәйкес, егер олар сұраса, КАС Допингке қарсы бөлімі алдында *Уақытша шеттету* алдында және одан кейін бейнеконференция арқылы *Алдын-ала* тыңдау мүмкіндігі беріледі (бұл жағдайда тыңдалмай қабылданған шешімді қайта қарау мақсатында).

7.6.4 Егер Спортшы КАС Допингке қарсы күрес бөлімі төрешілеріне ереже бұзушылық *Ластанған өнімді* пайдалануға байланысты орын алғанын дәлелдей алса, *Уақытша шеттетудің* тоқтатылуы мүмкін.

Спортшылардың Ластанған өнімді пайдаланғаны жайлы сөзін негізге ала отырып, төрешілер алқасының міндетті *Уақытша шеттетуді* тоқтатпау туралы шешіміне қарсы шағым жасалына алмайды.

7.6.5 Егер *Уақытша шеттету А сынамаcының Жағымсыз нәтижесі* негізінде қолданылса, ал одан кейінгі *В Сынамаcының* талдауы *А Сынамаcының* талдауын растамаса, *Уақытша шеттету* автоматты түрде алынып тасталады.

Егер Спортшы (немесе Спортшының командасы) 2.1-бапты бұзғаны үшін *Жарыстан* немесе *Іс-шарадан* шеттетілген және кейінгі *В Сынамаcының талдауы А Сынамаcының* талдау нәтижесін растамаған жағдайларда, егер Жарысқа немесе Іс-шараға ешқандай әсер етпейтіндей жүзеге асыруға болатын болса, Спортшы немесе команда *Жарыстарға* немесе *Іс-шараларға* қатысуды жалғастыра алады. Сонымен қатар, Спортшы немесе команда кейіннен Токио 2020 Олимпиадасындағы басқа *Жарыстар* мен *Іс-шараларға* қатыса алады.

7.6.6 Барлық жағдайда, Спортшы немесе басқа Тұлға допингке қарсы ережелерді бұзғандығы туралы хабардар етілген болса, бірақ *Уақытша шеттету* қолданылмаған болса, Спортшы немесе басқа Тұлға бұл туралы шешім қабылданғанға дейін өз еркімен *Уақытша шеттетуді* қабылдай алады.

7.7 Тыңдаусыз немесе жазбаша қорғаусыз шешу

7.7.1 Допингке қарсы ережелерді бұзды деп айыпталған Спортшы немесе басқа Тұлға бұл бұзушылықты кез-келген уақытта мойындай алады, тыңдаудан және жазбаша қорғану құқығынан бас тарта алады және осы немесе ІТА ұсынған Ережелерге сәйкес *Салдарларды* қабылдай алады (егер осы *Ережелерге* сәйкес салдарларға қатысты қандай да таңдау еркіндігі болса).

7.7.2 Балама ретінде, егер Допингке қарсы ережелерді бұзғаны үшін айыпталған Спортшы немесе басқа Тұлға бұзушылық туралы айтылған КАС Допингке қарсы күрес бөлімі жіберген хабарламада көрсетілген мерзімде бұл ұйғарымға қарсылық білдірмесе, онда мұндай Спортшы немесе осындай Тұлға тыңдаудан және жазбаша қорғану құқығынан бас тартты және осы немесе ІТА ұсынған Ережелерге сәйкес салдарларды қабылдады, ереже бұзушылықты мойындады деп саналады (егер осы *Ережелерге* сәйкес салдарларға қатысты қандай да таңдау еркіндігі болса).

7.7.3 7.7.1 немесе 7.7.2-Бап қолданылатын жағдайларда тыңдау комиссиясы өз қалауы бойынша тыңдау өткізудің қажеттілігі туралы шешім қабылдайды. Оның орнына КАС Допингке қарсы күрес бөлімі егер тыңдаудың қажеті жоқ деп санаса, тез арада допингке қарсы ереже бұзылғанын және тиісті *Салдарлар* қабылданғанын растайтын жазбаша шешім шығаруы керек.

ІТА осы шешімнің көшірмелерін 12.2.2-бапқа сәйкес шағымдану құқығымен *Допингке қарсы ұйымдарға* жібереді және бұл шешім 13.3.2-Бапқа сәйкес жария етілуі тиісі.

7.8 Нәтижелерді өңдеу жөніндегі шешімдер туралы хабарлама

Барлық жағдайда, *КАС Допингке қарсы күрес бөлімі* допингке қарсы ережелер бұзылды немесе бұзылмады ма, *Уақытша шеттету* белгіленді ме немесе тоқтатылды ма, немесе *Спортшы* немесе басқа *Тұлғамен Салдарларды* қолдану туралы келісімге тыңдалмай (немесе жазбаша қорғаныссыз) қабылданды ма, осы жөнінде шешім қабылдаған болса, бұл туралы хабарлама 13.1.2-Бапқа сәйкес 12.2.2-Бапқа сәйкес оған қарсы шағым беруге құқығы бар басқа Допингке қарсы ұйымдарға жіберілуі тиіс.

7.9 Спорттан кету

Токио 2020 Олимпиада Ойындарына қатысқаннан кейін спорттан кету осы Ережелерді қолдануға әсер етпейді. Егер *Спортшы* немесе басқа *Тұлға ІТА* нәтижелерді өңдеу кезінде спорттан кетсе, *ХОК* нәтижелерді өңдеу процесін аяқтау құқығын өзіне қалдырады. Егер *Спортшы* немесе басқа *Тұлға* спорттан нәтижелерді өңдеудің кез-келген процесі басталмай тұрып кетсе, *ХОК* осы *Ережелерге* сәйкес нәтижелерді өңдеу процесін бастау құқығын өзіне қалдырады, мұнда *Спортшы* немесе басқа *Тұлға допингке қарсы ережелердің* бұзылу фактісі белгілі болған сәтте осы *Ережелерге* бағынатын болуы шарт.

8-БАП. ТЫҢДАЛУ ҚҰҚЫҒЫ

8.1 Спорт жөніндегі төрелік соттың допингке қарсы күрес бөлімі

8.1.1 *ІТА* допингке қарсы ережелердің бұзылу фактісін мойындауға шешім қабылдаған жағдайда, *ІТА Спорт жөніндегі төрелік соттың* допингке қарсы күрес бөлімінің *Ережелеріне* сәйкес дереу *Спорт жөніндегі төрелік соттың* допингке қарсы бөліміне өтініш береді. Өтінішті *ХОК* атынан әрекет ететін *ІТА ХОК* атынан жасалады.

8.1.2 Алқа құрамы мен *КАС Допингке қарсы күрес бөліміне* қолданылатын процедуралар *КАС Допингке қарсы күрес бөлімінің Ережелеріне* сәйкес келуі тиіс.

8.2 КАС Допингке қарсы бөлім тыңдаулары мен тәртіптік процедуралар

8.2.1 Осы *Ережелерге* сәйкес допингке қарсы ережелердің кез-келген бұзылуына қатысты барлық процедурада кез-келген *Тұлғаның тыңдалу құқығы Олимпиадалық хартияның 59-* ережесін ресми түсіндірудің 3-тармағына сәйкес тек *Спорт жөніндегі төрелік соттың* допингке қарсы бөлімінде жүзеге асырылады.

Олимпиадалық хартияның 59.2.4- Ережесіне сәйкес ХОК Атқарушы комитеті КАС Допингке қарсы күрес бөліміне осы Ережелерде, соның ішінде, атап айтқанда 9, 10.1, 10.2 және 11-Баптарда, қарастырылған шаралар мен санкцияларды қабылдауға қажетті барлық өкілеттіктерді тапсырады.

Тыңдаулар осы Ережелердің 2.1 - 2.10-Баптарында көрсетілген допингке қарсы ережелердің бір немесе бірнеше бұзылғандығы туралы айтылғаннан кейін өткізілуі мүмкін.

8.2.2 КАС Допингке қарсы күрес бөлімі өз уақытында негізді шешім қабылдайды. КАС Допингке қарсы күрес бөлімі мұндай шешім туралы Спортшыға немесе басқа мүдделі Тұлғаға, ХОК, ИТА, Спортшының немесе басқа Тұлғаның ҰОК-не, тиісті Халықаралық федерациясына, Спортшының немесе басқа Тұлғаның Допингке қарсы ұлттық ұйымына, Тәуелсіз Бақылаушылар Бағдарламасының өкіліне (Токио 2020 Олимпиадасы кезеңінде) және ДДҚА-ке дереу хабарлайды.

8.2.3 КАС Допингке қарсы күрес бөлімінің шешімі 13.3-Баптың ережелеріне сәйкес Жария етіледі және 12-баптың ережелеріне сәйкес шағымдануға болады. 13.3.5-Бапта келтірілген принциптер Кәмелетке толмағандарға қатысты істерде қолданылады.

8.3 КАС-қа дейінгі бір тыңдау

КАС Допингке қарсы күрес бөлімінің арбитраждық ережелеріне сәйкес, Спортшыға немесе басқа Тұлғаға қатысты анықталған допингке қарсы ережелердің бұзылуы Спортшының немесе басқа Тұлғаның, ИТА, ДДҚА және кез-келген басқа, бірінші сатыдағы соттың шешімі жөнінде КАС-қа шағымдануға құқылы Допингке қарсы ұйымның келісімімен, КАС Допингке қарсы күрес бөлімінің Арбитраждық ережелерінде көрсетілген шарттарды сақтай отырып жалғыз инстанция ретінде әрекет ететін КАС Допингке қарсы күрес бөлімінде тыңдалуы тиіс.

Мұндай шешім допингке қарсы ережелердің бұзылуын мойындау, тыңдаудан және жазбаша қорғану құқығын бас тарту және/немесе жоғарыда 7.7-бапта көрсетілгендей осы Ережелерге сәйкес қолданылатын Салдарларды қабылдау деп түсіндірілмеуі керек.

9-БАП. ЖЕКЕ НӘТИЖЕЛЕРДІҢ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ЖОЙЫЛУЫ

Жеке спорт түрлерінің Допингке қарсы ережелерін бұзу Жарыс кезеңіндегі Тестілеу кезінде анықталса, осы Жарыс барысында алынған нәтижелер (және Спортшы осы Жарысқа қатысудан алған нәтижелері бойынша жолдама алған кез-келген кейінгі Жарыстар нәтижелері) автоматты түрде жойылып, барлық кейінгі салдарға, соның ішінде барлық медальдарды, ұпайларды және жүлделерді алып тастауға әкеп соқтырады.

10-БАП. ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРҒА ҚОЛДАНЫЛАТЫН САНКЦИЯЛАР

10.1 Токио 2020 Олимпиада Ойындарындағы нәтижелерді жою

10.1.1 *Токио 2020 Олимпиада Ойындары* кезінде немесе оған қатысты орын алған допингке қарсы ережелерді бұзу КАС *Допингке қарсы күрес бөлімі* шешімімен, 9-Баптың қолдану аясынан тыс, Спортшының *Токио 2020 Олимпиада Ойындарында* (бір немесе бірнеше Іс-шара немесе Жарыста) алған жеке нәтижелерінің автоматты түрде жойылып, барлық кейінгі салдарға, 10.1.2-Бапта көзделген жағдайларды қоспағанда, соның ішінде барлық медальдарды, ұпайларды және жүлделерді алып тастауға әкеп соқтырады.

Токио 2020 Олимпиада Ойындарының нәтижелерін, 9-Бапты қолданбай, *Жою* туралы шешім қабылдаған кезде, *Спортшының* допингке қарсы ережелерді бұзуының қаншалықты ауыр екені және басқа *Жарыстар* кезінде *Спортшының Тестілеу* нәтижелерінің теріс болғандығы ескеріледі.

10.1.2 Егер *Спортшы* ереже бұзылған кезде өзінің Кінәсі немесе Салғырттығы жоқ екенін дәлелдей алса, егер допингке қарсы ережелерді бұзу Спортшының Жарыстардағы нәтижелеріне әсер етпесе, Спортшының басқа Жарыстардағы жеке нәтижелері жойылмауы тиіс, *Допингге қарсы ережелердің* бұзылуы орын алған жарысты қоспағанда.

10.2 Жарыстардан шеттету және басқа да салдарлар

10.2.1 Егер *Спортшының* немесе басқа *Тұлғаның* Допингке қарсы ережелерді бұзғандығы анықталса, КАС Допингге қарсы күрес бөлімі бұл *Спортшыны* немесе басқа *Тұлғаны Токио 2020 Олимпиада Ойындарының* олар әлі қатысып үлгермеген жарыстардан шеттетілді деп жариялай алады, сондай-ақ басқа санкциялар салып немесе мысалы, *Спортшыны* немесе басқа *Тұлғаны Токио 2020 Олимпиада Ойындарына* қатысушылар қатарынан шығару және аккредитациядан айыру сияқты шаралар қолдануы мүмкін.

Шеттетілді деп жарияланған ешбір *Тұлға* шеттету кезеңінде *Токио 2020 Олимпиада Ойындарына* қатыса алмайды.

10.2.2 7.1.2-бапқа сәйкес *Токио 2020 Олимпиада Ойындарына* қатысы жоқ салынған санкцияларға қатысты нәтижелерді өңдеу үшін жауапкершілік тиісті *Халықаралық федерацияға* жүктеледі.

10.3 Санкцияларды автоматты түрде жариялау

10-бапқа сәйкес салынған санкциялар, 13.3-бапта көрсетілгендей, міндетті түрде жариялануы тиіс.

11-БАП. КОМАНДАЛАР ҮШІН САЛДАРЛАР

11.1 Командалық спорт түрлеріндегі *Тестілеу*

Егер Командалық спорт түрлеріндегі команданың бірден артық мүшелері *Токио 2020 Олимпиада Ойындарына* байланысты, 7-Бапқа сәйкес допингке қарсы ереженің бұзылғаны жайлы хабардар етілген болса, *ІТА Токио 2020 Олимпиада Ойындары* кезінде команданы Мақсатты Тестілеуден өткізуі керек.

11.2 Командалық спорт түрлері үшін салдарлар

Егер *Токио 2020 Олимпиада Ойындары* кезінде командалық спорт түрінде команданың бір немесе бірнеше мүшесі допингке қарсы ережелерді бұзғандығы анықталса, КАС Допингке қарсы күрес бөлімі команданың нәтижелеріне қатысты жазалар қолдануы тиіс (мысалы, алған ұпайларын алып тастау, *Токио 2020 Олимпиада Ойындарынан* шеттету немесе басқа Салдарлар), олар допингке қарсы ережелерді бұзды деп танылған жеке Спортшыға (Спортшыларға) осы Ережелерге сәйкес салынған кез келген *Салдарларға* қосымша ретінде, тиісті Халықаралық федерацияның ережелеріне сәйкес қабылданады.

11.3 Командалық емес спорт түрлеріндегі командалар үшін Санкциялар

Егер *командалық емес*, бірақ жұлде командаларға берілетін, *спорт түрлерінің* командасының бір немесе бірнеше команда мүшесі *Токио 2020 Олимпиада Ойындары* кезінде допингке қарсы ережелерді бұзса, КАС Допингке қарсы күрес бөлімі командаға санкция қолдануы тиіс (мысалы, алған ұпайларын алып тастау, *Токио 2020 Олимпиада Ойындарынан* шеттету немесе басқа *Санкциялар*), олар допингке қарсы ережелерді бұзды деп танылған жеке *Спортшыға (Спортшыларға)* осы *Ережелерге* сәйкес кез- келген жазаға қосымша ретінде, тиісті *Халықаралық федерацияның* ережелеріне сәйкес қабылданады.

Егер тиісті *Халықаралық Федерацияда* мұндай ережелер болмаса немесе *КАС Допингке қарсы бөлімінің* ұйғарымы бойынша тиісті *Халықаралық федерацияның* ережелері жарыстардың тұтастығын тиісті деңгейде қорғай алмайтын болса, Комиссияның команда үшін Салдарларды, оның ішінде кез-келген Жарыстағы немесе Оқиғалардағы немесе кез келген басқа *Салдардағы* командалық нәтижелерді *Жоюды* қоса, анықтауға өкілеттігі бар.

КАС Допингке қарсы күрес бөлімі мұндай шараларды команданың мүшелерінің біреуі немесе бірнеше мүшесі допингке қарсы ережелерді бұзғаны үшін кінәлі деп танылған жағдайда және Комиссияның шешімі бойынша бұл бұзушылық команданың тиісті *Жарыста(тарда)ғы* немесе *Оқиға(лар)дағы* нәтижелеріне әсер етуі мүмкін деп ұйғарса, қолдана алады.

12-БАП. АПЕЛЛЯЦИЛАР

12.1 Апелляциялық шағым беруге жататын шешімдер

Осы *Ережелерге* сәйкес қабылданған шешімдерге төмендегі 12.2 – 12.5- Баптарда көрсетілген тәртіпте немесе осы Ережелерде көрсетілген басқа жағдайларда шағым беруге болады. Егер апелляциялық орган басқа шешім қабылдамаса, мұндай шешімдер шағымдану уақытында өз күшінде қалады.

12.1.1 Қаралу көлемі шектелінбеген мәселе

Апелляция бойынша қаралу мәніне осы сұраққа қатысты барлық сұрақтар жатады және тек бастапқы шешімді қабылдаған ұйым қараған сұрақтармен немесе тақырыптармен шектелмейді.

12.1.2 Спорт жөніндегі төрелік сот шағым берілген шешімде анықталған фактілерге байланысты емес.

Шешім қабылдау кезінде *Спорт жөніндегі төрелік сот* апелляция берілген ұйымның шешімімен айқындалған жағдайларға байланысты емес.

12.2 Допингке қарсы ережелерді бұзуға, Санкцияларға, Уақытша шеттетуге, Шешімдерді мойындау және Юрисдикцияға қатысты апелляциялар

Допингке қарсы ережелердің бұзылуы орын алғаны туралы шешімге, допингке қарсы ережелердің бұзылуына байланысты Санкциялар қолдану немесе қолданбау туралы шешімге, Допингке қарсы ережелердің бұзылуы орын алмағаны туралы шешімге; допингке қарсы ережелердің бұзылу фактісін қарау процедуралық себептер (соның ішінде, мысалы, жарамдылық мерзімінің өтуі) бойынша жалғасуы мүмкін емес екені туралы шешімге; Кодекстің 7.1. бабына сәйкес нәтижелерді өңдеу өкілеттігін өткізу туралы *ДДҚА* шешіміне; *Талдаудың Жағымсыз нәтижесі* немесе допингке қарсы ережелердің бұзылуы жөніндегі істің *Атиптік нәтижесі* бойынша іс қозғамау туралы *ІТА* шешіміне, 7.5-Бап бойынша тексеруден кейін допингке қарсы ережелердің бұзылуы жөнінде іс қозғамау туралы шешімге; *Алдын-ала тыңдау* нәтижесінде *Уақытша шеттетуді* күшінде қалдыру туралы шешімге; КАС Допингке қарсы күрес бөлімінің 7.6.1-Бапты орындауға қабылетсіздігі; ХОК немесе Спорт жөніндегі төрелік соттың допингке қарсы күрес бөлімі допингке қарсы ережелердің бұзылу мүмкіндігі туралы шешім шығаруға немесе осындай бұзушылықтың салдарынан Санкциялар салуға заңды құқығы жоқ деген шешімге; және ХОК-тің 16-Бапқа сәйкес басқа Допингке қарсы ұйымның шешімін мойындамау туралы шешіміне қарсы тек осы 12-Баптың ережелеріне сәйкес шағым беріле алады.

12.2.1 Төмендегі 12.3-бапқа сәйкес, осы *Ережелерге* сәйкес қабылданған шешімдерге КАС Спорттық арбитраж Кодексінде баяндалған апелляциялық арбитраждық процедурада қолданылатын ережелерге сәйкес тек КАС-қа шағымдануға болады.

12.2.2 Апелляциялық шағымдар бере алатын Тұлғалар

Төмендегі тұлғалар КАС шешіміне қатысты шағымдана алады:

- (a) Өзіне қатысты шағым беріліп отырған шешім қабылданған *Спортшы* немесе басқа *Тұлға*;
- b) *ХОК*;
- (c) сәйкес *Халықаралық федерация*;
- (d) Тұлға тұрып жатқан елдің *Допингке қарсы ұлттық ұйымы* немесе Тұлға осы елдің азаматы немесе лицензия иеленушісі болып табылатын елдер; және
- e) *ДДҚА*.

Осы құжаттағы кез келген басқа ережеге қарамастан, *Уақытша шеттетуге* қарсы шағым бере алатын жалғыз *Тұлға* *Уақытша шеттету* қолданылған *Спортшы* немесе басқа *Тұлға* ғана бола алады.

12.2.3 Қарсы шағым беру және кейінгі шағым беру құқығы

КАС жүргізетін істе жауапкер ретінде көрсетілген Тұлға *Кодекске* сәйкес қарсы шағым беруге немесе одан әрі апелляция беруге құқылы.

Осы Ережелердің 12-Бабына сәйкес шағымдануға құқығы бар кез келген тарап қарсы апелляцияны немесе одан кейінгі апелляцияны өзінің берілген шағымға пікірін жіберген күннен кешіктірмей беруі керек.

12.3 ТҚР жөніндегі шешімдерге қатысты Апелляциялар

ТҚР жөніндегі шешімдерге тек осы *Ереженің* 4.4-Бабының ережелеріне сәйкес шағымдануға болады.

12.4 Апелляциялық шешімдер туралы хабарламалар

13.2 12.2.2-Бапқа сәйкес шағым беру құқығы бар кез-келген *Тұлға* және апелляцияның тарабы болып табылатын кез-келген *Допингке қарсы ұйым Спортшыға* немесе басқа *Тұлғаға* және 12.2.2-Бапта қарастырылғандай 13.2-Бапқа сәйкес шағымдану құқығы бар басқа Допингке қарсы ұйымдарға шағымдану туралы шешімді шұғыл түрде ұсынады.

12.5 Апелляция беру мерзімдері

КАС-қа апелляция беру мерзімі апелляция берген тарап шешімді алған күннен бастап жиырма бір күнді құрайды. Жоғарыда айтылғандарға қарамастан, апелляция беруге құқығы бар, бірақ істі қарау бойынша қатысушы болып табылмайтын тараппен берілген және шешімге қарсы шағымның берілуіне әкелген апелляцияға қатысты келесі іс-әрекеттер жүзеге асырылады:

а) мұндай *Тұлғалар* шешім туралы хабарландырылған сәттен бастап он бес күн ішінде шешімді берген органнан сот ісінің көшірмесін талап етуге құқылы;

б) егер мұндай сұрау он бес күндік мерзім ішінде жүзеге асырылса, мұндай сұрауды беруші тараптың КАС-қа апелляция беруге құжатты алған сәттен бастап жиырма бір күн уақыты болады.

Жоғарыда айтылғандарға қарамастан, ДДҚА-ке берілген апелляцияның ең соңғы мерзімі төменде көрсетілген күндердің ең соңғысынан кеш болмауы керек:

а) іс бойынша кез келген басқа тарап шешімге қарсы шағымдануы мүмкін соңғы күннен кейінгі жиырма бір күннен; немесе

б) ДДҚА шешімге қатысты толық құжатты алғаннан кейін жиырма бір күннен.

13-БАП. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУ

13.1 Талдаудың жағымсыз нәтижелері, атиптік нәтижелер және допингке қарсы ережелерді бұзудың мүмкін болатын фактілері туралы ақпарат

13.1.1 Допингге қарсы ережелердің бұзылғандығы туралы Спортшыларды немесе басқа Тұлғаларды хабардар ету

Допингке қарсы ережелердің бұзылғандығы туралы *Спортшыларға* немесе басқа *Тұлғаларға* хабарлау осы Ережелердің 7, 13 және 14- Баптарына сәйкес жүзеге асырылады.

13.1.2 Допингке қарсы ережелердің бұзылғандығы туралы ҰОК, Тәуелсіз байқаушылар бағдарламасының өкілін, сәйкес Халықаралық федерацияны және ДДҚА-ті хабардар ету.

Допингке қарсы ережелердің бұзылғандығы туралы *ҰОК, Тәуелсіз байқаушылар бағдарламасының өкілін, сәйкес Халықаралық федерацияны және ДДҚА-ті* хабардар ету *Спортшыны* немесе *басқа Тұлғаны* хабарландыра отырып, осы Ережелердің 7, 13 және 14- Баптарының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

13.1.3 Допингке қарсы ережелерді бұзу фактісі туралы хабарла мазмұны

2.1-Бапқа сәйкес допингке қарсы ережелердің бұзылғандығы туралы хабарламаға келесілер енеді:

- Спортшының* аты-жөні,
- ол өкілі болып табылатын ел,
- спорт түрі мен спорт дисциплинасы,
- Спортшының* жарыстағы деңгейі,
- Жарыс* кезеңінде немесе *Жарыстан тыс* кезеңде *Тестілеу* өткізу,
- Допинг-сынама* үлгісін өткізу күні,
- зертханалық талдау нәтижесі және
- тестілеудің және тексерудің *Халықаралық стандарты* талаптарына сай басқа да ақпарат.

Допингке қарсы ережелердің бұзылғандығы туралы хабарламада 2.1-Баптан басқа Баптар бойынша бұзылған *Ереже* туралы ақпарат және мәлімделген бұзушылықтың құрамы болуы тиіс.

13.1.4 Құпиялылық

ІТА осы ақпаратты жариялағанға дейін немесе 13.3-Бапқа сәйкес талап етілгендей *ІТА* ақпаратты жарияламаса, алушы-ұйымдар бұл ақпаратты білуі тиіс тұлғалардан (бұған тиісті Ұлттық олимпиадалық комитет, Ұлттық федерация және Командалық спорт түріндегі команданың тиісті қызметкерлері жатады) басқа ешкімге жарияламауы тиіс.

13.2 Допингке қарсы ережелердің бұзылғандығы туралы шешімдер және құжаттарды сұрату жөніндегі хабарлама

13.2.1 Осы *Ережелерге* сәйкес шығарылған допингке қарсы ережелердің бұзылғандығы туралы шешімдерге мұндай шешім қабылдаудың толық себептері кіреді.

13.2.2 13.2.1-Бапқа сәйкес алынған шешімге қарсы шағым беруге құқығы бар *Тұлға* немесе *Допингке* қарсы ұйым шешімді алған сәттен бастап он бес күн ішінде шешімге қатысты істің толық материалдарының көшірмесін сұрата алады.

Мұндай істің толық материалына сұрау салу 12.5 (а) -Бапқа сәйкес жүзеге асуы керек.

13.3 Ақпаратты көпшілік алдында жариялау

13.3.1 Допингке қарсы ережелерді бұзғаны үшін *ИТА* айыптайтын кез-келген *Спортшының* немесе басқа *Тұлғаның* жеке басы туралы ақпарат 7-Бапқа сәйкес хабарлама *Спортшыға* немесе *басқа Тұлғаға*, сонымен қатар 13.1.2. бапқа сәйкес *ҰОК*, *Тәуелсіз байқаушылар бағдарламасының өкіліне*, *ДДҚА* және тиісті *Халықаралық федерацияға* жіберілгеннен кейін ғана көпшілікке жариялана алады.

13.3.2 12.2.1- Бапқа сәйкес апелляциялық шағым бойынша түпкілікті шешім қабылданғаннан кейін жиырма бір күннен кешіктірілмей немесе мұндай шағымданудың күші жойылғаннан кейін немесе 8-бапқа сәйкес тыңдау құқығы пайдаланылмаса немесе допингке қарсы ережелерді бұзу фактісіне қатысты уақытында шағым берілмесе, даулы жағдайлар туралы, допингке қарсы ережелердің бұзылғандығы, *Тыйым салынған субстанцияға* немесе *Тыйым салынған әдіске* (егер олар болған жағдайда) қатысты бұзушылық жасаған *Спортшының* немесе *басқа Тұлғаның* аты-жөні және оған қолданылған Санкциялар туралы ақпарат жариялануы тиіс. Допингке қарсы ережелердің бұзылуына қатысты түпкілікті апелляция туралы шешімдердің нәтижелері, сондай-ақ жоғарыда сипатталған ақпарат осы мерзім ішінде жарияланауы тиіс.

13.3.3 Барлық жағдайда, тыңдау немесе апелляция процесі нәтижесінде *Спортшының* немесе *басқа Тұлғаның* допингке қарсы ережелерді бұзбағандығы анықталса, өздеріне қатысты шешім шығарылған *Спортшының* немесе *басқа Тұлғаның* келісімімен ғана бұл шешім жариялана алады. Мұндай келісім алу үшін дұрыс шаралар қолданылуы тиіс. Егер келісім берілсе, шешім толығымен көпшілікке жариялануы керек немесе Спортшы немесе басқа Тұлға мақұлдаған, түзетілген түрде жариялануы тиіс.

13.3.4 Кез-келген жабылмаған істің нақты фактілеріне қатысты көпшілік алдында пікір білдіруге тыйым салынады (бұл норма процедуралардың жалпы сипаттамасы мен олардың ғылыми құрамына қолданылмайды), бұған *Спортшыға*, *басқа Тұлғаға* немесе олардың өкілдеріне таңылатын көпшілік мәлімдемесіне жауап беру жағдайлары жатпайды.

13.3.5 Егер допингке қарсы ережелерді бұзу фактісіне қатысы бар *Спортшы* немесе *басқа Тұлға Кәметтік жасқа толмаған* болса, 13.3.2-Бапта көзделген *Ақпаратты Көпшілікке* міндетті түрде *жария ету* туралы ереже қолданылмайды. Қатысушысы *Кәметтік жасқа толмаған* болып табылатын іс бойынша *Ақпаратты Көпшілікке жария ету* істің сипаты мен мән-жайын ескере отыра жүргізілуі тиіс.

13.4 Жеке деректердің қорғалуы

13.4.1 *ИТА*, *ХОК* және басқа допингке қарсы ұйымдардың:

- мәліметтерді жинауға;
- сақтауға;
- кез келген орынға жіберуге, соның ішінде мәліметтерді қорғау туралы заңдары бар және мәліметтер жіберілетін аумақ сияқты мәліметтерді қорғау деңгейін қамтамасыз етпейтін аумақтарға;
- ашуға және/немесе

•осы Ережелерге сәйкес барлық уақытта және допингке қарсы жұмысты жүргізу үшін қажетті әдістерді қолдана отырып, *Спортшыға* немесе *басқа Тұлғаларға* қатысты жеке ақпаратты басқаша түрде өңдеуге өкілеттігі бар болуы тиіс. Жеке өмір мен жеке басқа қатысты ақпаратты қорғаудың *Халықаралық стандарты* талаптарына қатысты қосымша ақпарат пен жеке ақпаратты өңдеу туралы *Допинг- бақылаудан* өтетін *Спортшыларға* хабарланады.

13.4.2 13.4.1-Бапта және жалпы осы *Ережелерде* айтылған «Жеке ақпаратқа» сәйкестендірілген немес сәйкестендірілуші *Спортшыға* және *басқа Тұлғаларға* қатысты кез келген, өздері берген, мысалы, аты, туған күні, байланыс телефондары және қай спорт түріне қатыстылығы, орналасқан жері, терапиялық қолдануға рұқсаты (егер олар болса), допингке қарсы тест нәтижелері және олардың негізінде қабылданған шаралар (тәртіптік тыңдау, апелляциялар мен санкцияларды қоса) және *Кодексте* және *жеке өмір мен жеке басқа қатысты ақпаратты қорғаудың Халықаралық стандартында* қосымша анықталған басқа да ақпараттар жатады.

13.4.3 *Токио 2020 Олимпиада Ойындарына* немесе басқа да жарыстарға аккредиттелу процессі аясында осы Ережелерді сақтаудың міндетін қабылдай отырып, *Спортшылар* немесе *басқа Тұлғалар* 13.4.2. бапта анықталған өздері туралы жеке ақпаратты *ІТА, ХОК, ДДҚА* немесе кез келген басқа *Допингке қарсы ұйымдар* 13.4.1. бапта көрсетілген тәртіпте және мақсатта пайдаланыла алатындығына келісімдерін берді.

13.4.4 *ІТА* жеке өмір мен жеке басқа қатысты ақпаратты қорғаудың *Халықаралық стандарты* талап ететіндей, ақпараттың жоғалуына, рұқсатсыз қол жетуіне немесе жойылуына, пайдаланылуына, өзгертілуіне немесе жариялануына (соның ішінде электрондық желі арқылы ақпараттың таралуы) жол бермеу мақсатында *ХОК* және басқа *Допингке қарсы ұйымдар* сияқты тиісті қауіпсіздік шараларын, оның ішінде физикалық, ұйымдастырушылық, техникалық, экологиялық және басқа шараларды жүзеге асырады.

13.4.5 *Спортшылар* немесе *басқа Тұлғалар* өздеріне қатысты жеке ақпаратты алуға, өз жеке ақпаратының өзгертілуін немесе жойылуына өтініш беруге немесе Жеке өмір мен жеке басқа қатысты ақпаратты қорғаудың *Халықаралық стандартының* ережелеріне сәйкес шағым беруге құқылы.

14-БАП. БОЛЖАЛДЫ ХАБАРЛАМА

14.1 Осы Ережелерге сәйкес *ІТА* және/немесе *ҰОК* сұранымына сәйкес аккредиттелген *Спортшының* немесе басқа *Тұлғаның* *Допингке қарсы ұйымының* кез-келген хабарламасы осындай *ҰОК-қа* оны табыстау жолымен жіберілген хабарлама болып саналады. Ол *Токио 2020 Олимпиада ойындарына* дейін, соның кезеңінде және одан кейін барлық хабарламалар үшін шектеусіз қолданылады. *ҰОК-тер* бұл ақпаратты *Спортшының* немесе басқа *Тұлғаның* жеке өзіне жіберуі керек. *ІТА-ның* жеке хабарламамен қамтамасыз етудегі адал әрекеттері осы ережені қолдану кезінде *ҰОК-ке* жібреілетін хабарламалардың дұрыстығына нұқсан келтірмейтін болуы тиіс.

14.2 Осы *Ережелерге* сәйкес *ҰОК* хабарламасы Президентке, Бас хатшыға, команда жетекшісіне немесе оның орынбасарына немесе *ҰОК*-тің осы мақсатта көрсеткен басқа өкіліне табыстау жолымен жіберілген хабарлама болып саналады.

14.3 *Токио 2020 Олимпиадасы* кезеңінде және осы *Ережелерді* қолдану мақсатында *Спортшы* мен басқа *Тұлға* 14.2-Бапта көрсетілген тұлғалар арқылы әрекет ететін *ҰОК* заңды түрде ұсынған деп саналады. Бұл осы *Ережелердің 7-Бабының* қолдану аясында шектеусіз қолданылады.

15-БАП. ДОПИНГ ЖӘНЕ ЖЫЛҚЫЛАРҒА АРНАЛҒАН МЕДИЦИНАЛЫҚ БАҚЫЛАУ - ЖЫЛҚЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ДОПИНКЕ ҚАРСЫ ЖӘНЕ БАҚЫЛАНАТЫН ДӘРІЛЕР ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕР

15.1 Допингке қарсы ережелерді бұзу жағдайларын анықтау, нәтижелерді өңдеу, әділ тыңдаулар, жылқыларға арналған Санкциялар мен апелляциялар үшін Халықаралық ат спорты федерациясы (FEI) Кодекстің 1, 2, 3, 9, 10, 11, 13 және 17-Баптарына сәйкес келетін және (ii) тыйым салынған заттардың тізімін, тиісті Тестілеу процедураларын және Сынамаларды талдауға арналған бекітілген зертханалардың тізімін қамтитын ережелерді (i) айқындады және ендіردі. («Дәрі-дәрмекті пайдалануды бақылау ережелері және FEI допингке қарсы шаралары» және «FEI ветеринарлық ережелері» (бұдан әрі жинақталып «FEI ережелері» деп аталады).

15.2 Осы *Ережелердің* барлық *Спортшылар мен Тұлғаларға* қолданылатынына қарамастан, FEI Жылқыларға қатысты белгіленген ережелерді, атап айтқанда *FEI Ережелерін* жүзеге асырып, қолданады. FEI *ITA*-ға *FEI Ережелеріне* сәйкес қабылданған кез- келген шешімді (дерді) кешіктірместен беріп отырады. *ITA* осындай шешімнің (дердің) көшірмелерін 12.2.2-Бапқа сәйкес шағымдану құқығымен Допингке қарсы ұйымдарға жібереді. Кез-келген *Тұлғаның FEI Ережелері* қолданылатын FEI процедураларына (i) және *FEI Ережелерін* қолданатын *FEI* шешімінен туындайтын (ii) кез-келген ықтимал салдар мен санкцияларға қатысты тыңдалуға құқығы *FEI* құзыретті органы алдында жүзеге асырылады.

16-БАП. ШЕШІМДЕРДІ ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ МОЙЫНДАУ

16.1 12-Бапта қарастырылған апелляция құқығын ескере отырып, *Кодекске* сай жасалған *Тестілеу, Уақытша шеттету*, тыңдаудың нәтижелері мен кез келген *Қол қойған тараптың*, оның Өкілеттігі шегінде қабылданған, басқа соңғы шешімдері бүкіл әлемде қолданылады және *ХОК* оларды мойындауы және сақтауы тиіс.

16.2 *ХОК Кодексті* қабылдамаған басқа органдар қолданған шараларды, егер мұндай органдардың ережелері *Кодекске* сәйкес келсе, мойындайды.

17-БАП. ЕСКІРУ МЕРЗІМІ

Егер *Спортшы* немесе басқа *Тұлға* 7 және 13- Баптарда қарастырылғандай, допингке қарсы ережелерді бұзу фактісі туралы хабардар етілмесе немесе егер допингке қарсы ереже бұзылған деп саналған күннен бастап он жыл ішінде мұндай хабарлама жасауға дұрыс әрекеттер жасалмаса, допингке қарсы ережелердің бұзылуына байланысты *Спортшыға* немесе басқа *Тұлғаға* қатысты ешқандай іс қозғалмайды.

18-БАП. ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ ЕРЕЖЕЛЕРДІ ТҮЗЕТУ ЖӘНЕ ТҮСІНДІРУ

18.1 ХОК атқарушы кеңесі осы *Ережелерге* мерзім-мерзім түзетулер енгізе алады. Осы *Ережелердің* ағылшын тілінде нұсқасы басым күшке ие.

18.2 Осы *Ережелер* Швейцарияның заңнамасымен және Олимпиадалық хартиямен реттеледі.

18.3 Осы Ережелердегі ешнәрсе *Допингке қарсы ұйымдарға* қолданыстағы заңнамаға сәйкес допингке қарсы қызметтерін жүргізу үшін берілген кез-келген құқықты шектеу немесе олардан бас тарту ретінде түсіндірілмеуі керек.

18.4 Осы Ережелердің әр түрлі бөлімдері мен Баптары үшін пайдаланылатын тақырыптар тек ыңғайлылыққа арналған және осы *Ережелер* мазмұнының бөлімі болып есептелмейді немесе оларға қатысы бар ережелердің тұжырымдамасына ешқандай әсер етпейді. Ерлер тегі кез келген жеке тұлғаға қатысты пайдаланылады, егер керісінше жағдай туралы ереже болмаса, әйелдер тегі қосылады.

18.5 *Кодекс* және *Халықаралық стандарттар* осы *Ережелердің* ажырамас бөлігі болып есептеледі және дау туындаған жағдайда басым күшке ие.

18.6 Осы *Ережелер Кодекстің* қолданылатын ережелеріне сәйкес қабылданды және *Кодекстің* қолданылатын ережелеріне сәйкес келетін тәсілмен түсіндіріледі. Кіріспе мен Қосымшалар осы *Ережелердің* ажырамас бөлігі болып саналады. Егер осы *Ережелерде* осындай Ережелерге байланысты туындайтын проблема сипатталмаса, *Кодекстің* тиісті ережелері бірдей жағдайда қолданылады. Түсінікті болу үшін, осы Ережелерде сәйкессіздіктер немесе ақтаңдақтар болған жағдайда, мұндай сәйкессіздіктер немесе даулар *Кодекс* пен осы *Ережелерге* сәйкес шешілетін болады.

18.7 *Кодекстің* әртүрлі ережелеріне қатысты берілген ескертулер осы *Ережелерге* сілтеме арқылы енгізіледі және олар осы құжатта толық баяндалған түрінде қарастырылып, осы *Ережелерді* түсіндіру үшін пайдаланылады.

18.8 Осы *Ережелер* мен *КАС Допингке қарсы бөлімінің* Ережелері арасында қандай да бір қайшылықтар болған жағдайда, мұндай қайшылықтар екі *Ереженің* де жалпы идеясы мен мазмұнын ақылға қонымды түрде пайдалана алатындай болып шешілуі тиіс.

1- ҚОСЫМША. АНЫҚТАМАЛАР

АДАМС: Допингке қарсы әкімшілік және басқару жүйесі - деректерді енгізу, сақтау, тарату және есеп беру үшін, ДДҚА (Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік) және мүдделі тараптарға олардың допингке қарсы іс-әрекеттері кезінде, мәліметтерді қорғау туралы заңнаманы сақтай отырып, көмек көрсету үшін әзірленген Интернетте орналасқан дерекқорды басқаруға арналған жүйе.

Тағайындау: Басқа *Тұлғаның Тыйым салынған Субстанцияны* немесе *Тыйым салынған әдісті* ұсынуы, жеткізуі, бақылауы, ықпал етуі немесе пайдалануға басқаша қатысуы немесе пайдалануға әрекеті. Алайда бұл анықтамаға медициналық қызметкердің нақты және заңды терапиялық мақсатта немесе басқа да жарамды негіздемесімен пайдаланылатын *Тыйым салынған субстанцияға* немесе *Тыйым салынған әдіске қатысты* адал ниетті әрекеттері кірмейді. Ол сонымен қатар егер де жағдай *Тыйым салынған субстанциялар* нақты және заңды терапиялық мақсатта пайдалануға арналмаған немесе спорт нәтижелерін жақсартуға бағытталған екендігін көрсетпейтін болса, *Жарыстан тыс* кезеңдегі *Тестілеу* кезінде тыйым салынбаған *Тыйым салынған субстанцияларға қатысты іс-әрекеттерге* қатысты қолданылмайды.

Талдаудың жағымсыз нәтижесі: ДДҚА аккредитациясынан өткен зертхананың зертханалардың *Халықаралық стандартына* және тиісті Техникалық құжаттарға сәйкес *Сынамада Тыйым салынған субстанцияның*, оның *Метаболиттерінің* немесе *Маркерлерінің* (оның ішінде эндогендік субстанцияның тым көп мөлшерін) бар екені анықталғаны немесе *Тыйым салынған әдіс* қолданылғаны дәлелденгені туралы есебі.

Төлқұжат бойынша жағымсыз нәтиже: Тиісті *Халықаралық стандартта қарастырылғандай* төлқұжат бойынша жағымсыз нәтиже ретінде белгіленген есеп.

Допингке қарсы ұйым: Допинг-бақылаудың қандай да бір процесін бастауға, енгізуге және жүзеге асыруға бағытталған *Ережелерді* қабылдау үшін жауап беретін қол қойған тарап. Атап айтқанда, Допингке қарсы ұйымдар - Халықаралық Олимпиада Комитеті, Халықаралық Паралимпиадалық Комитет, өз спорттық іс-шараларында *Тестілеу* өткізетін басқа да ірі спорттық іс-шаралардың ұйымдастырушылары, ДДҚА, Халықаралық федерациялар және Допингке қарсы ұлттық ұйымдар.

Спортшы: *Токио 2020* Олимпиада ойындарында жарысқа қатысатын немесе жарысқа қатысуға әлеуетті кез- келген *Тұлға*.

Спортшының биологиялық төлқұжаты: Тестілеу мен тексерудің *Халықаралық стандартына*, сондай-ақ зертханалардың *Халықаралық стандартына* сәйкес жүзеге асатын, мәліметтерді жинау және қорытындылаудың бағдарламасы мен әдістері.

Спортшы Қызметкері: *Спорттық жарыстарға* қатысатын немесе жарыстарға дайындалып жатқан *Спортшыға* көмектесетін немесе емдейтін, онымен бірге жұмыс

істейтін кез келген жаттықтырушы, менеджер, агент, команда қызметкерлерінің мүшесі, медициналық, парамедициналық құрам, ата-анасы немесе кез келген басқа Тұлға.

Әрекет: Нәтижесінде допингке қарсы ережені бұзуға әкеп соғуға бағытталған іс-әрекеттің маңызды элементі болып табылатын әрекеттерге қасақана қатысу. Допингке қарсы ереженің бұзылуы тек қана бұзушылық әрекеті негізінде қарастырылмайды, ол әрекетке қатыспайтын үшінші тарапқа белгілі болғанға дейін әрекет жасауға қатысудан бас тарту болып табылады.

Атиптік нәтиже: ДДҚА акредитациясынан өткен зертхананың зертханалардың Халықаралық стандартына немесе тиісті Техникалық құжаттарға сәйкес, талдаудың Жағымсыз нәтижесі деп танымас бұрын, әрі қарай зерттеуді қажет ететін нәтиже туралы есебі.

Төлқұжат бойынша атиптік нәтиже: Тиісті Халықаралық стандарттарда көрсетілгендей Төлқұжат бойынша Атиптік нәтиже ретінде белгіленген есеп.

КАС: Спорт жөніндегі төрелік сот; егер басқаша көрсетілмесе, Спорт жөніндегі төрелік сотқа сілтемелер оның Спорт жөніндегі төрелік соттың Допингке қарсы бөлімінен басқа, Токио 2020 Олимпиада ойындары бойынша арнайы бөлімін қамтиды.

КАС Допингке қарсы бөлімі: КАС Допингке қарсы бөлімінің Ережелеріне сәйкес құрылған КАС бөлімі. .

КАС Допингке қарсы бөлімінің ережелері: Олимпиада ойындар кезінде туындайтын допингке байланысты жағдайларға қолданылатын ICAS қабылдаған, КАС Допингке қарсы күрес бөлімін Ережелерге сәйкес тыңдаулар өткізуге және шешім қабылдауға өкілет беретін арбитраждық ережелер.

Кодекс: Дүниежүзілік допингке қарсы Кодекс.

Жарыс: Токио 2020 Олимпиада ойындарындағы бірыңғай жарыс, матч, ойын немесе ерекше спорттық жарыс. Мысалы, баскетбол ойыны немесе 100 метрге жүгіруден Олимпиада финалы.

Допингке қарсы ережелерді бұзу салдары («Салдар»): Спортшының немесе басқа Тұлғаның допингке қарсы ережені бұзуы төмендігілердің біреуі немесе бірнешеуіне әкеп соғуы мүмкін:

(а) Дисквалификация - Спортшының белгілі бір Жарыстағы немесе Спорттық шарадағы нәтижелерін, одан туындайтын барлық Салдарымен, жарамсыз деп тану, оның ішінде барлық марапаттары, ұпайлары мен сыйлықтарынан айыру;

(б) Жарыстан шеттету - Спортшыны немесе басқа Тұлғаны Допингке қарсы ережелердің бұзылуына байланысты Кодекстің 10.12.1-Бабында қарастырылғандай белгілі бір мерзімде кез-келген Жарысқа, басқа іс-әрекетке немесе қаржыландыруға қатысуына жол бермеу;

(с) *Уақытша шеттету* – Спортшыны немесе басқа Тұлғаны 8- Бапқа сәйкес өткізілетін тыңдауларда соңғы шешім шығарғанға дейін кез-келген Жарысқа немесе іс-әрекетке белгілі бір уақыт аралығында қатысуға уақытша жібермеу;

(d) *Қаржылық салдар* - допингке қарсы ережелерді бұзғандығы үшін немесе допингке қарсы ережелерді бұзуға байланысты шығындарды өтеу үшін енгізілген қаржылық санкциялар; және

(е) *Ақпаратты көпшілікке ашу немесе жария ету* - ақпаратты көпшілікке немесе 13-Бапқа сәйкес ертерек хабарлама алуға құқығы бар Тұлғалардан басқа Тұлғаларға тарату немесе жария ету. 11-Бапта қарастырылғандай Командалық спорт түрлеріндегі командаларға да *Салдарлары* қолданылуы мүмкін.

Ластанған өнім: Құрамында *Тыйым салынған субстанция* бар өнім, бірақ ондай заттың бар екені бұл өнімнің затбелгісінде немесе осы өнім туралы Ғаламтордан іздеп табуға болатын ақпаратта көрсетілмеген.

Дисквалификация: жоғарыда аталған *Допингке қарсы ережелерді бұзу салдарын* қараңыз.

Допинг-бақылау: Тестілеуді жоспарлаудан бастап, апелляциялар бойынша соңғы шешімге дейін, соның ішінде орналасқан жері туралы ақпарат беру, Сынамалар алу және олармен жүргізілетін операциялар, зертханалық талдау, ТҚР, нәтижелерді өңдеу және тыңдаулар өткізу сияқты барлық кезеңдер мен процестер.

Іс-шара: *Токио 2020 Олимпиада ойындарына* кіретін, нәтижелері бойынша *Спортшылар* медальдармен марапатталатын жекедеген жарыстар қатары (мысалы, волейбол бойынша әйелдер турнирі).

Спорттық ғимараттар: Аккредитация болуы қажет нысандар, билет немесе ХОК немесе Токио-2020 рұқсаты немесе басқа да осы сияқты арнайы белгілеген аймақтар.

Кінә: Кінә - кез-келген міндеттерді бұзу немесе белгілі бір жағдайда қажетті қырағылықтың болмауы. *Спортшының* немесе басқа *Тұлғаның* кінәсінің дәрежесін бағалау кезінде ескерілуі керек факторларға, мысалы, *Спортшының* немесе басқа *Тұлғаның* тәжірибесі, *Спортшы* немесе басқа *Тұлға* кәметке толды ма, мүгедектік сияқты ерекше жағдайлар; *Спортшы* білуі тиіс тәуекел дәрежесі, қырағылық деңгейі және ықтимал қауіптің дәрежесін анықтау үшін *Спортшы* жүргізетін ақпаратты зерттеу жатады. *Спортшының* немесе басқа *Тұлғаның* кінәсінің дәрежесін бағалау кезінде ескерілген жағдайлар *Спортшының* немесе басқа *Тұлғаның* күтілетін мінез-құлық стандарттарынан ауытқуын түсіндіру үшін анықталған және іске қатысты болуы керек.

Осылайша, мысалы, Спортшы жарыстан *Шеттету* кезеңінде ірі қаражат көлемін табу мүмкіндігін жоғалтады деген факт немесе Спортшының мансабында немесе спорттық күнтізбесінде тек қысқа уақыт қана бар деген факт *Кодекстің* 10.5.1 немесе 10.5.2-Баптарына сәйкес жарыстан *Шеттету* мерзімін қысқарту кезінде іске қатысты тиісті фактілер болып табылмайды.

Қаржылық салдар: Жоғарыда аталған Допингке қарсы ережелерді бұзу салдарын қараңыз.

Жарыстар кезеңі: Осы Ережелердің мақсаты үшін, «Жарыстар кезеңі» дегеніміз Спортшы қатысуы тиіс жарысқа дейінгі, жарыстың аяғына дейінгі және осы Жарысқа қатысты Сынамалар тапсыру процесіне дейінгі он екі сағат бұрын басталатын кезеңді білдіреді.

Тәуелсіз бақылаушылар бағдарламасы: Белгілі бір Іс-шаралар кезінде Допинг-бақылау процесін бақылайтын және басшылық етуді қамтамасыз ететін және өздерінің бақылауы жайында хабарлайтын ДДҚА бақылауындағы бақылаушылар тобы.

Жеке спорт түрі: Командалық емес кез-келген спорт түрі.

Жарыстарға қатысудан шеттету: Жоғарыда аталған Допингке қарсы ережелерді бұзу салдарын қараңыз.

Халықаралық жарыс: Халықаралық олимпиада комитеті, Халықаралық параолимпиада комитеті, Халықаралық федерация, Ірі спорттық іс-шараны Ұйымдастырушы, немесе басқа халықаралық спорттық ұйым басты органы болып табылатын Спорттық іс-шара немесе көрсетілген ұйымдар техникалық қызметкерді тағайындайды.

Халықаралық федерация: ХОК мойындаған, әлемдік деңгейде бір немесе бірнеше спорт түрін басқаратын және ұлттық деңгейде спорт түрлерін басқаратын ұйымдарды қамтитын халықаралық үкіметтік емес ұйым.

Халықаралық деңгейдегі спортшылар: Тестілеу мен тексерудің Халықаралық стандартына сәйкес әр Халықаралық федерация анықтаған халықаралық деңгейдегі жарыстарға қатысатын Спортшылар.

Халықаралық стандарт: БДҚА Кодексті қолдау үшін қабылдаған стандарт. Халықаралық стандартқа сәйкес келу (басқа балама стандартқа, тәжірибе немесе процедураға қарағанда) Халықаралық стандартта көрсетілген процедуралар сәйкесінше орындалғанын анықтау үшін жеткілікті негіз болуы керек. Халықаралық стандарттарға Халықаралық стандартқа сәйкес жарық көрген кез келген техникалық құжаттар кіруі тиіс.

ХОК: Халықаралық олимпиада комитеті

ПА: Халықаралық тестілеу агенттігі; Швейцариялық қор ретінде Допингке қарсы ұйымдарға, оның ішінде ХОК-не тәуелсіз Допинг-бақылау қызметін шектеусіз ұсыну мақсатында құрылған.

Ірі спорттық іс-шаралар ұйымдастырушылары: Ұлттық Олимпиадалық комитеттердің континенталды ассоциациялары және бірнеше спорт түрлерін біріктіретін және континенталдық, аймақтық және басқа да Халықаралық спорттық

жарыстарды басқарушы орган ретінде қызмет ететін басқа халықаралық ұйымдар. Осы Ережелердің мақсаттары үшін ірі спорттық шараның Ұйымдастырушысы ХОК болып табылады.

Маркер: Тыйым салынған субстанцияны немесе Тыйым салынған әдісті пайдалануды көрсететін қосылыстар тобы, қосылыс немесе биологиялық айнымалы (-лар).

Метаболизм: Метаболизм процесі кезінде пайда болатын кез-келген субстанция.

Кәмелетке толмаған: Он сегіз жасқа толмаған жеке тұлға.

Допингке қарсы Ұлттық ұйым: Допингке қарсы ережелерді қабылдау және іске асыру бойынша негізгі өкілеттікке және жауапкершілікке ие әрбір ел белгілеген ұйым(-дар), Сынамалар алуды басқарады, Тестілеу нәтижелерін өңдейді, ұлттық деңгейде тыңдаулар өткізеді. Егер мұндай тағайындауды күзіретті мемлекеттік орган(-дар) жасамаса, мұндай құрылым Ұлттық Олимпиада комитеті немесе ол өкілеттік берген ұйым болуы тиіс.

Ұлттық спорттық жарыс: Халықаралық жарыс болып табылмайтын, халықаралық немесе ұлттық деңгейдегі Спортшылар қатысатын Спорттық іс-шара немесе Жарыс.

Ұлттық федерация: Халықаралық федерацияның мүшесі болып табылатын немесе сол елде немесе аймақта Халықаралық федерацияның спорттық іс-шараларын басқаратын ұйым ретінде танылған ұлттық немесе аймақтық ұйым.

Ұлттық деңгейде ойын көрсететін спортшылар: Әрбір ұлттық Допингке қарсы ұйым анықталғандай, Тестілеу мен Тексерудің Халықаралық стандартына сәйкес ұлттық деңгейдегі спорт жарыстарына қатысатын спортшылар.

Ұлттық олимпиада комитеті немесе ХОК: ХОК мойындаған ұйым. «Ұлттық олимпиадалық комитет» ұғымы сондай-ақ Ұлттық спорт конфедерациялары Ұлттық Олимпиадалық комитеттің спорттағы допингке қарсы күрес қызметін атқаратын елдердегі Ұлттық спорт конфедерацияларына да қатысты.

Кінәнің немесе салғырттықтың жоқтығы: Спортшының немесе басқа Тұлғаның өзінің Тыйым салынған субстанцияны немесе Тыйым салынған әдісті Қолданғанын немесе тағайындалғанын, немесе өзінің басқа жолмен допингке қарсы ережені бұзғанын тіпті барынша абай болған кезде де білмеген немесе күдіктенбеген фактісін анықтауы. Спортшы Кәмелетке толмаған жағдайдан басқа жағдайларда, 2.1-Бапты бұзудың кез- келген түрінде Спортшы Тыйым салынған субстанцияның өз ағзасына қалай түскенін анықтауы тиіс.

Болмашы кінә немесе салғырттық: Спортшының немесе басқа Тұлғаның істің жағдайын тұтас алып қарағанда өзінің Кінәсі немесе салғырттығы, сонымен қатар Кінәнің немесе салғырттықтың болмау критерийлерін ескере отырып, допингке қарсы ережені бұзуға қатысы шамалы болу фактісін анықтауы. Спортшы Кәмелетке толмаған жағдайдан басқа жағдайларда, 2.1-Бапты бұзудың кез- келген түрінде Спортшы Тыйым салынған субстанцияның өз ағзасына қалай түскенін анықтауы тиіс.

Токио 2020 Олимпиада Ойындары: XXXII Олимпиада ойындары, Токио, 2020.

Жарыстан тыс кезең: Жарыс кезеңі болып табылмайтын кез-келген кезең.

Қатысушы: Кез-келген Спортшы немесе спортшы қызметкері қатарындағы тұлға.

Токио 2020 Олимпиада ойындары кезеңі: Токио 2020 Олимпиада Ойындарын өткізуге арналған Олимпиада ауылының ашылу күнінен басталатын, атап айтқанда 2020 жылғы 14 шілдеден, Токио 2020 Олимпиада Ойындарының жабылу салтанатының соңына дейінгі, атап айтқанда, 2020 жылғы 9 тамызға дейінгі кезең.

Токио 2020 Олимпиада ойындарының алдындағы кезең: 2020 жылғы 13 мамырдан басталатын, Токио 2020 Олимпиада ойындарын өткізуге арналған Олимпиада ауылының ашылу алдындағы күнге дейін, атап айтқанда 2020 жылғы 13 шілдеге дейінгі кезең.

Тұлға: Жеке тұлға, ұйым немесе басқа да тұлға.

Иелік ету: Нақты, физикалық Иелік ету немесе жанама Иелік ету (ол, егер Тұлғада ерекше бақылау болса немесе Тыйым салынған субстанция немесе Тыйым салынған әдіске немесе Тыйым салынған субстанция орналасқан немесе Тыйым салынған әдіс қолданылатын жайларға бақылау жүргізуге ниет білдірсе ғана орын алады); егер Тұлғада ерекше бақылау болмаса, жанама иелік ету фактісі, егер Тұлға Тыйым салынған субстанция немесе Тыйым салынған әдістің бар екені туралы білсе ғана және осындай бақылауды орнатуға ниет білдірсе ғана орын алады. Егер Тұлғада Тыйым салынған субстанция немесе Тыйым салынған әдіс бола тұрып, допингке қарсы ережені бұзғаны туралы хабарлама алғанға дейін, өзінің ешқашан Тыйым салынған субстанцияға немесе Тыйым салынған әдіске иелік етуге ниеті болмағанын көрсету мақсатында, Допингке қарсы ұйымға иеліктен бас тартуын анық мәлімдей отырып, нақты қадамдар жасаған болса, бұл жағдайды Иелік ету негізінде ғана болған допингке қарсы ережелерді бұзу деп санауға келмейді. Осы анықтамадағы кез-келген қарама-қайшылыққа қарамастан, Тыйым салынған субстанцияны немесе Тыйым салынған әдісті сатып алу (оның ішінде электрондық немесе басқа кез келген құрал арқылы) сатып алушының Иелік етуін көрсетеді.

Тыйым салынған тізім: Тыйым салынған заттар мен Тыйым салынған әдістер берілген тізім.

Тыйым салынған әдіс: Тыйым салынған тізімде сипатталған кез-келген әдіс.

Тыйым салынған субстанция: Тыйым салынған тізімде сипатталған кез-келген зат немесе заттардың класы.

Алдын-ала тыңдау: 7.6-Баптың мақсаттары үшін 8-Баптың тыңдауына дейін өткізілген қысқартылған жедел тыңдаулар Спортшыға хабарлама алуға және ауызша немесе жазбаша түрде тыңдалу мүмкіндігін береді.

Уақытша шеттету: допингке қарсы ережелерді бұзудың Салдарларын қараңыз.

Ақпаратты көпшілікке ашу немесе Көпшілікке жария ету: допингке қарсы ережелерді бұзудың Салдарларын қараңыз.

Аймақтық допингке қарсы ұйым: Мүше-елдер өздеріне бөліп берілген ұлттық допингке қарсы бағдарламалар аймақтарында жұмысты үйлестіру мен жүзеге асыруға өкілетті аймақтық ұйым, оған оған допингке қарсы ережелерді бейімдеу және енгізу, Сынамаларды жоспарлау және алу, нәтижелерді өңдеу, ТҚР қарастыру, тыңдаулар өткізу, аймақтық деңгейде білім беру бағдарламаларын ұйымдастыру кіреді.

Тіркелген Тестілеу пулы: Халықаралық федерациялар жеке халықаралық деңгейде және Допингке қарсы ұлттық ұйымдар ұлттық деңгейде құрған Спортшылардың басымдығы өте жоғары пулы, Спортшылар Халықаралық федерация немесе Допингке қарсы ұлттық ұйымның тестілеу өткізу жоспары аясында Жарыс кезеңінде және Жарыстан тыс кезеңде мақсатты Тестілеуден өтуі тиіс, және осыған байланысты Кодекстің 5.6- Бабында және тестілеу мен тексерудің Халықаралық стандартында қарастырылғандай, орналасқан жері туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.

Ережелер: Халықаралық Олимпиадалық комитеттің XXXII Токио 2020 Олимпиада ойындарында қолданылатын Допингке қарсы ережелері.

Сынама: Допинг-бақылау мақсатында жиналған кез-келген биологиялық материал.

Қол қоюшылар: Кодекстің 23 -Бабында қарастырылғандай, Кодекске қол қоятын және Кодексті сақтауға келісім беретін ұйымдар.

Көрсетілген субстанция: 4.2.3-Бапты қараңыз.

Қатаң жауапкершілік: 2.1- және 2.2- Бапқа сәйкес, Допингке қарсы ұйымға допингке қарсы ережелерді бұзу фактісін анықтау үшін Спортшының ниетін, Кінәсін, салғырттығы немесе саналы Қолдану фактісін дәлелдеуді қажет етпейтіндігін қарастыратын ереже.

Елеулі жәрдем: Кодекстің 10.6.1- бабының мақсатында елеулі көмек көрсететін Тұлға төмендегілерге: (1) қол қойылған жазбаша мәлімдемеде допингке қарсы ережелердің бұзылуына қатысты барлық ақпаратты толық ашып көрсетуге, және (2) осы ақпаратқа қатысты кез- келген жағдай бойынша тексеруде және ресми қарауда толықтай қызметтес болуға, оның ішінде, мысалы, егер Допингке қарсы ұйым немесе тыңдау өткізетін алқадан тиісті сұрау түссе, тыңдалымда жауап беруге міндетті. Оған қоса, ұсынылған ақпарат шынайы және іс қозғалған жағдайды тексеру үшін маңызды болуы керек, немесе, егер іс қозғалмаса, іс қозғалуы үшін жеткілікті негізбен қамтамасыз етуі қажет.

ТОКИО 2020: Токио 2020 Олимпиада Ойындарының ұйымдастыру комитеті.

Бұрмалау: Заңсыз мақсаттар үшін және (немесе) заңсыз түрде өзгерту; заңсыз ықпал ету; заңсыз араласу; кедергі жасау; шатастыру; нәтижелерді өзгерту мақсатында жасалған алаяқтық; кәдуілге процедураларды өткізуге кедергі жасау.

Мақсатты сынақ: Тестілеу және тексерудің *Халықаралық стандартында* белгіленген критерийлер негізінде *Тестілеу* өткізуге белгілі бір *Спортшыларды* іріктеп алу.

Командалық спорт түрі: *Жарыс* кезінде команда мүшелерін ауыстыруға рұқсат етілген спорт түрі.

Тестілеу: Тестілеу жоспарын жасау, *Сынама* алу, оларды өңдеу және зертханаға *Сынамаларды* жеткізу сияқты іс-әрекеттер кіретін Допинг-бақылау процесінің бөлімі.

Тарату: *Спортшының, Спортшы қызметкері қатарына* кіретін тұлғаның немесе Допингке қарсы ұйымның юрисдикциясы жүретін басқа да *Тұлғаның Тыйым салынған субстанцияны* немесе *Тыйым салынған әдісті* (тікелей немесе кез келген электрондық немесе басқа тәсілдер арқылы) кез келген үшінші тұлғаға сатуы, беруі, тасымалдауы, ары қарай жіберуі, жеткізуі немесе таратуы (немесе кез келген осындай мақсат үшін иелік етуі). Алайда бұл анықтамаға медициналық қызметкердің нақты және заңды терапиялық мақсатта немесе басқа да жарамды негіздеме арқылы пайдаланылатын *Тыйым салынған субстанцияға* немесе *Тыйым салынған әдіске* қатысты адал ниетті әрекеттері кірмейді. Ол сонымен қатар егер де жағдай *Тыйым салынған субстанциялар* нақты және заңды терапиялық мақсатта пайдалануға арналмаған немесе спорт нәтижелерін жақсартуға бағытталған екендігін көрсетпейтін болса, *Жарыстан тыс* кезеңдегі *Тестілеу* кезінде тыйым салынбаған *Тыйым салынған субстанциялармен* әрекетте қолданылмайды.

ТҚР: 4.4-Бапта анықталғандай, терапиялық қолдануға рұқсат.

ТҚРК: 4.4.2-Бапта анықталғандай, терапиялық қолдануға рұқсат беру Комитеті.

Қолдану: Кез келген *Тыйым салынған субстанцияны*, оның *Метаболиттері* мен *Маркерлерін* қолдану, пайдалану, ішу, инъекция немесе қандай да бір тұтыну.

ДДҚА: Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік.